БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 40-41 (1144), 04-11.10.2022

qazaq1913.com | +7 (701) 505 48 48 | +7 (777) 797 77 88 | kazakh_2006@mail.ru | qazaq gazeti | qazaq gazeti | qazaq1913_ | qazaq gazeti

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің
Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266–санынан қайта жаңғыртты

03

ЖАҢА БҰЙРЫҚ: БАЛАБАҚШАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР КҮШЕЙТІЛДІ

ЭМОМАЛИ, ОЗОДА, РУСТАМ РАХМОНДАР: ТӘЖІКСТАННЫҢ КЕЛЕСІ ПРЕЗИДЕНТІ КІМ БОЛМАҚ?

05

ҮКІМЕТ ПЕН ӘКІМДІККЕ ОБЛЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН БІРЖОЛА ШЕШУДІ ТАПСЫРАМЫН. БІЗ ҰСТАЗДЫ ҚҰРМЕТ ТҰТҚАН ЕЛМІЗ. БҰЛ СӨЗІМІЗ НАҚТЫ ІСПЕН БЕКІТІЛІП ЖАТЫР. АРНАЙЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛДЫ. БІЗ БҰҒАН ДЕЙІН «ПЕДАГОГТАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАБЫЛДАП, ОНЫҢ АЯСЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫН ӨСІРДІК. «ӘЛІППЕНІ» ҚАЙТАРДЫҚ...

«ТОРҒАЙ – ҰЛТ НАМЫСЫНЫҢ ЖАЛАУЫ»

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯДА ОСЫЛАЙ ДЕДІ

ФОТО EXK.KZ

■ Қостанай облысының Торғай ауылында Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына арналған ескерткіш ашылды...

Қостанай облысында тұтанған алапат өрттің салдарынан қыркүйек айының басына жоспарланған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған Торғайдағы іс-шаралар кейінге шегерілген болатын. «Ештен кеш жақсы» деген. Сенбіде Алаш арысының ЮНЕСКО көлемінде тойланып жатқан биылғы мерейтойы туған өлкесінде жалғасты. Сол күні Торғай ауылында Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына арналған ескерткіш ашылып, қос арыстың әдеби музей-үйі көпшілікке таныстырылды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен арнайы барған ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев осы іс-шараларға қатысты. Сөйтіп, Ұлт ұстазының «Асықпаңдар, артымызда қазы бар!» деген сөзі тағы да ақиқатқа айналды.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

■ СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЫСТЫҚ СӘЛЕМІН ЖЕТКІЗДІ

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ұлтына ғұмырын арнаған Ұлы тұлға» атты ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев мерейтойдың ұлт үшін киелі Торғай жерінде аталып өтуінің маңызына назар аударды.

«Торғай – Алаш алыптарының қастерлі мекені және ұлт намысының жалауы. Торғай – салтына берік, қазақылыққа бекем қазыналы жұрттың ордасы. Сондықтан, бірінші кезекте, Сіздермен кездесіп отырғаныма шын жүректен қуаныштымын. Бәріміздің басымыздың осы киелі қоныста қосылуына себепші болған – Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы», – деп сөзін бастады Сенат Төрағасы Мәулен Сағатханұлы.

02-бетте

СЕМЕЙГЕ САПАР

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АБАЙ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

ФОТО AKORDA.KZ

■ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысына жұмыс сапары барысында жазушы Мұхтар Әуезов пен ғалым Қайым Мұхамедхановқа арналған «Ұстаз бен шәкірт» ескерткішін ашты...

Осыдан 105 жыл бұрын жергілікті тұрғындар Семей қаласының бұрынғы «Заречная слободкасын» «Алаш қаласы» деп атау туралы ортақ шешімге келді. Ал, 1917 жылдың желтоқсан айында Орынборда өткен II жалпықазақ құрылтайында Алашорда автономиясының астанасы ретінде Алаш қаласы белгіленіп, автономияның басшылығы осы қалаға 1918 жылдың наурыз айында көшіп келіп орналасты. Іс жүзінде 1918 жылдан 1920 жылға дейін Алашорданың ресми астанасы Алаш қаласы болды. Демек, Алаш арыстарының ізі қалған Семей қаласының әр қазақ үшін орны бөлек. Өкінішке қарай, 1997 жылы Семей облысы Шығыс Қазақстан облысына қосылып, Семей қаласы «облыс орталығы» мәртебесінен айырылды. Осы фактор да қарт Семейді тоқырауға ұшыратты. Көктемде Президент Жарлығымен Абай облысы құрылып, оның орталығы – Семей қаласы болды. Сөйтіп, тарихи әділдік салтанат құрды.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

■ АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН ҚАЛА

Бес ай бұрын құрылған Абай облысына, оның орталығы – Семей қаласына жұма күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен барды. Семей сапарында Мемлекет басшысы алдымен Абай облысының тұрғындарымен кездесті. Жергілікті жұртпен кездесуінде Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласының, Абай облысының Қазақстан тарихындағы орны ерекше екенін, Алаш арыстарының ізі қалғанын да атап өтті.

«Бұл – қазаққа Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов сияқты біртуар перзенттерді сыйлаған ұлылар мекені. Абай туған топыраққа келген адам бұл жердің киесін сезінеді, қасиетін ұғады. Семей – ұлы даланың ұлағатты өлкесі. Бұл – Алаш арыстарының ізі қалған, зиялыларымыз елдің болашағы үшін күрескен қастерлі өңір», – деді Мемлекет басшысы.

02-бетте

«ТӘБЕТІ» ЗОР, БЕРЕРІ АЗ ВЕЛОЖОБА

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМАЛЫҚҚА ЕНБЕЙТІН КОМАНДАНЫ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ДҰРЫС ПА?

Осыдан 10 жыл бұрын сол тұстағы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қаржылай қолдауымен «Astana» кәсіби спорт клубының негізі қаланды. Осы клубтың құрамына әу баста еліміздің атын әлемге әйгілеу мақсатында 2007 жылы құрылған «Astana Pro Team» (қазіргі атауы – «Astana Qazaqstan Team») велокомандасы өтті. Өкінішке қарай, допинг дауы мен жемқорлық кәсіби спорт клубын да, велокоманданы да айналып өтпеді. Соңғы дау клуб пен команда басшылығының істі болуымен тынды. Ал, «атың шықпаса, жер өрте» дейтіндер бұл даудан артықшылық та іздейтін болар. Алайда, Абай айтпақшы, жер өртеп шығарған атының несі мұрат?!

Жасұлан МӘУЛЕНҰЛЫ

■ ЖЕМҚОРЛАР ЖЕГЕН МИЛЛИОНДАР

Басынан бастайық. Бұл тақырып сөз болғанда әдебиетімездің алыбы болған Бейімбет Майлиннің «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» деген әңгімесі еске түседі. Ал, атауы өзгерген велокомандадағы дау допингтен басталып, қаражатты жымқырумен жалғасты. 2020 жылдың соңында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Astana» кәсіби спорт клубының директоры Аманбек Күлшіков пен «Astana Pro Team» велокомандасының атқарушы директоры Ләззат Шәмшиеваға қатысты қылмыстық істі аяқтап, оны сотқа жіберген болатын.

03-бетте

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 5 ҚАЗАНҒА АРНАЛҒАН ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

USD 475.51 (АҚШ ДОЛЛАРЫ) ⇧ EUR 464.15 (ЕУРО) ⇩ RUB 8.21 (РЕСЕЙ РУБЛІ) ⇧ TRY 25.61 (ТҮРІК ЛИРАСЫ) ⇩ CNY 66.85 (ҚЫТАЙ ЮАНІ) ⇧ JPY 3.28 (ЖАПОН ИЕНІ) ⇩ KGS 5.93 (ҚЫРҒЫЗ СОМЫ) ⇧

СЕМЕЙГЕ САПАР

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АБАЙ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ ҚАЛАЙ ӨТТІ?

01-беттен

Президенттің сөзінше, Семей – ұлттық ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің тарихи орталығы.

«Еліміздегі мұғалімдер даярлайтын алғашқы оқу орны бұдан 120 жыл бұрын осы қалада ашылғаны белгілі. Онда Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шәкен Айманов сынды ұлт зиялылары білім алған. Ал, Семейдегі музыкалық драма театр – қазақтың театр өнерінің берекелі бастауы. Ұлт футболының тұсауы да осы жерде кесілген. Еліміздегі тарихи-өлкетану музейі, қоғамдық кітапхана, архив, телеграф алғаш рет осында ашылған. Сондықтан бұл жерді халқымыз қазақ руханияты тамыр жайған жер деп ерекше қадірлейді», – деді Мемлекет басшысы.

ЖАҢА ОБЛЫСТЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖІТІ НАЗАРЫНДА

Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы өзінің шешімімен Семей қаласына тарихи орталық мәртебесі берілгенін еске салды.

«Жалпы, өңірдің тыныс-тіршілігі әрдайым менің жіті назарымда. Осыдан ширек ғасыр бұрын облыс таратылып, Шығыс Қазақстанға қосылды. Содан бері өлкеге бұрынғы мәртебесін қайтару мәселесі қоғамда талай рет көтерілді. Семей өңірінде іргесі бөлек облыс құру туралы бірнеше хат-хабар, ұсыныс алдым. Біз халық үніне құлақ асатын мемлекет құрып жатырмыз. Сондықтан мен биыл халықтың қалауын ескере отырып, осы аймақта жеке облыс құру туралы шешім қабылдадым. Аталған қадам өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін жедел шешіп, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Инвестицияның келуіне, өнеркәсіп пен жұмыс орындарының ашылуына, шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасайды. Аймақты республикалық бюджеттен тікелей қаржыландыру жүйесі жүзеге асады. Бұл шешім, шын мәнінде, тарихи әділдіктің салтанат құруы. Біз жаңадан құрылған облысты ұлттың ұлы тұлғасына деген ерекше құрмет белгісі ретінде Абай деп атадық. Өйткені, Абай – ұлт пен жұрттың символына айналған ұлы тұлға. Семей мен Абай – бір-бірінен ешқашан ажырамайтын ұғымдар», – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Президент Абай өңірін дамытудың басым бағыттары мен өзекті мәселелеріне тоқталды. Атап айтқанда, Абай облысындағы мектептерде 9 мыңға жуық балаға орын жетіспейді. Алдағы уақытта 11 мектеп пен 14 балабақша салу жоспарланған. Алайда, Қасым-Жомарт Тоқаев мұның өзі жеткіліксіз екенін айтып, Үкімет пен әкімдікке облыс мектептеріндегі орын тапшылығы мәселесін біржола шешуді тапсырды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Абай облысының бірқатар азаматын мемлекеттік наградалармен марапаттады.

СЕМЕЙДЕ ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТКЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысына жұмыс сапары барысында жазушы Мұхтар Әуезов пен ғалым Қайым Мұхамедхановқа арналған ескерткішті ашты.

Президент шараға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде екі тұлғаның төл тарихымызда ерекше орын алатынын атап өтті.

«Бұл – ұстаз бен шәкірт, аға мен іні арасындағы рухани бірліктің символы. Шын мәнінде, қос алыпты бөле-жарып қарау мүмкін емес. Олар Абай мұрасын зерттеп, дәріптеуге өлшеусіз еңбек сіңірді. Төл әдебиетімізді жаңа белеске көтерді. Мұхтар Әуезов Абайды, Абай арқылы қазақты бүкіл әлемге танытты. Ұлы ойшылдың көркем бейнесін сомдап, оның асыл мұрасын адамзаттың ортақ қазынасына қосты. Жазушының әр туындысы жұртымыздың жүрегінен өшпес орын алды. Мұхтар Әуезов – әлем әдебиетінің шыңына көтерілген қаламгер. Ал, Қайым Мұхамедханов – ұлы жазушының жақын серігі әрі шәкірті. Ол бүкіл ғұмырын Абайтану, Шәкәрімтану және Алаштану ғылымына арнады. Қуғын-сүргінге ұшыраса да, тағдырдың сынағына қарсы тұрып, еліне адал қызмет етті», – деді Мемлекет басшысы.

Айта кетейік, осыдан 4 жыл бұрын «адамды шатастыратын көше атауларын реттеуді» талап еткен Нұрсұлтан Назарбаев: «Кто такой Мухамедханов?!» – деп сол тұстағы қала әкімінің орынбасары Ермек Аманшаевқа жекігені есімізде. Ал, Семейде сол Қайым Мұхамедханов пен оның ұстазы Мұхтар Әуезовке арналған ескерткіштің ашылуы – тыйым мен қуғын-сүргін кезінде халқымыздың мәдени мұрасын сақтап қалған ұстаз бен шәкіртке көрсетілген құрмет болса керек.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ БЕН МУЗЕЙГЕ БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің жұмысымен де танысты. Президент оқу орнының тарихы мен жетістіктеріне, білім ордасынан білім алған ұлы тұлғалардың өміріне арналған көрмені аралап, оқытушылар ұжымымен және студенттермен пікірлесті.

Еркін әңгімелесу форматында өткен кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев педагог мамандарға ризашылығын білдірді.

М. Әуезов атындағы педагогикалық колледжден кейін Президент Невзоровтар атындағы бейнелеу өнері музейіне барды. Президентке музейдің тарихы таныстырылды.

01-беттен

Мәулен Сағатханұлы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ахаңның мерейтойына ерекше маңыз беріп отырғанын еске салды.

«Өткен жолы өңірге арнайы келгенін де білесіздер. Дегенмен, төтенше жағдайға байланысты елдің амандығы үшін Ахмет Байтұрсынұлының тойы кейінге шегерілген еді. Сол торқалы тойды өткізудің реті енді келіп отыр», – деді Мәулен Әшімбаев.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен осы мерейтойды елмен бірге атап өту үшін арнайы келгенін айтқан Сенат Төрағасы Президенттің ақ тілегі мен ыстық сәлемін жеткізіп, құттықтау хатын оқып берді.

«Ахмет Байтұрсынұлы – тарихымызда айырықша орны бар бірегей тұлға. Алаш жұртының асыл перзенті халқымыздың тағдыры сынға түскен күрделі кезеңде ерекше қайраткерлік танытты. Шын мәнінде, Ахаңның өмір жолы – ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі. Арыстарымыздың есімін ардақтап, ұлағатты ісін жалғастыру – халқымыздың қастерлі парызы», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

ҰЛТТЫ ҚАЛАМГЕРЛІГІМЕН ДЕ, ҚАЙРАТКЕРЛІГІМЕН ДЕ ЕГЕМЕНДІККЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ТҰЛҒА

Мәулен Әшімбаев Торғай өңірінің қазақ тарихында алатын орны ерекше екеніне тоқталып, торғайлықтар ғана емес, барша қазақ мақтан ететін таутұлғалардың есімін атап өтті. Әрине, олардың арасында тұтас ұлтымыздың ұстазына айналған Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі ерекше аталды.

«Ахаң туралы жарты ауыз сөз айтудың өзі үлкен жауапкершілік. Себебі, ол өте терең, жан-жақты тұлға болды. Ол ақын, тіл және әдебиет саласындағы ғалым, саясаткер, публицист, педагог болғаны баршамызға белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы осы бағыттардың бәрінде ұлттың білімін молайтып, еркіндікке қол жеткізуіне бар күш-жігерін жұмсады. Ахаң ұлтына «Қырық мысал» арқылы үн қатып, қазағын «Маса» болып оятуға талпынды. Қайраткер тұлғаның жетекшілігімен тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газеті жарық көрді. Осы басылым ұлы классик Мұхтар Әуезов айтқандай, «қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырып, етек-жеңін жиғызды». Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін қалады. Ахаң – төл әліпбиімізді жасаған реформатор», – деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Сағатханұлының айтуынша, Ахаңның саяси қайраткерлік қыры бір бөлек. Ол ұлт көсемі Әлихан Бөкейханмен және Міржақып Дулатұлымен бірге Алаш қозғалысының басында тұрды. Осылайша, ұлтымызды қаламгерлігімен де, қайраткерлігімен де егемендікке жетеледі. Сол жолдағы табандылығы таутұлғаның өз өміріне ауыр соққы болып тиді.

«Осындай ардақты арысымыздың есімін ұмытпау, ұлт санасында жаңғыртып отыру – баршамызға ортақ міндет. Себебі, Ахаңның тұлғасы қазақтың әлеуетін, деңгейін, болмысын көрсетеді. Сондықтан Ахаңның тойы – Алаштың абыройы деп санаймыз», – деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Сағатханұлы Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтқанда, Алаш арыстарын да ұмыт қалдыруға болмайтынын, Ахаң сол шоғырдың алдыңғы легінде жүргенін айтты.

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ БИЫЛ 150 ЖЫЛДЫҚТА ҚАНДАЙ ІС-ШАРАЛАР АТҚАРЫЛҒАНЫН АЙТТЫ

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын насихаттауға үлкен көңіл бөлуіміз керегін баса айтқан Мәулен Әшімбаев мерейтой аясында қандай ауқымды жұмыстар атқарылғанын да санамалап берді.

«Бірқатар елдімекендерге, көшелерге және нысандарға Ахаңның есімі берілді. Соның ішінде Қостанай халықаралық әуежайын ерекше атап өткен жөн. Сонымен қатар, ұлт ұстазының 12 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ахаң туған жерде кесенесі тұрғызылды. Сол жерде музей-үй бой көтерді. Бүгін Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына арналған ескерткішті бәріміз барып аштық. Қос арыстың атындағы әдеби музейге реэкспозиция жұмыстары жүргізілді. Осылардың қатарында бүгінгі ғылыми-практикалық конференция да бар. Мұның бәрі мерейтой аясында іске асырылған ауқымды жұмыстардың бір парасы ғана», – деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Сағатханұлының сөзінше, Ахаңды ұлықтау мерейтоймен ғана шектелмеуге тиіс. Ұлт ұстазының еңбегін насихаттау және оны тану жұмыстары қарқынды жалғаса береді.

«Өздеріңізге белгілі, қазақ қоғамы осыдан бір ғасыр бұрын Ахмет Байтұрсынұлының 50 жасын дүркіретіп атап өтті. Яғни, арысымыз заманында-ақ мойындалды. Сол кезеңде Мұхтар Әуезовтің тереңнен толғап мақала жазғаны белгілі. Сонда заңғар жазушы Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты тарихта мәңгі сақталатынын айтқан еді. Рас, Ахаңды ұмыттырғысы келген кер кезеңдер де болған. Бірақ, әділдік орнап, Алаш қайраткерінің есімі халқымызбен қауышты», – деп сөзін аяқтады Сенат Төрағасы.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Конференцияда жазушы, ғалым Қойшығара Салғара, алаштанушы Әнес Ғарифолла, ахметтанушы Серікбай Оспанов сияқты белгілі зиялы қауым өкілдері де сөз сөйледі. Іс-шара барысында Ахмет Байтұрсынұлы медалімен, «Тіл жанашыры» сыйлығымен және «Жангелді ауданының Құрметті азаматы» атағымен марапаттау рәсімі өтті.

«ТОРҒАЙ – ҰЛТ НАМЫСЫНЫҢ ЖАЛАУЫ»

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯДА ОСЫЛАЙ ДЕДІ

ФОТО SENATEPARLAM.KZ

МИНИСТРЛЕР ҚАНША ТІЛ БІЛЕДІ?

Ranking.kz агенттігі тілді меңгеру деңгейі бойынша қазақстандық министрлердің рейтингін жариялады. Бұл тізімде Ғылым және жоғары білім министрі Нұрбек Саясат көш бастады. 41 жастағы министр жеті тілде – қазақ, орыс, түрік, ағылшын, итальян, жапон және латын тілдерінде сөйлейді.

Екінші орында Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді мен Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров тұр. Екеуі де бес тілде сөйлейді. 54 жастағы Мұхтар Бескенұлы қазақ, орыс, ағылшын, корей, жапон тілдерінде еркін сөйлесе, 38 жастағы Әлібек Сәкенұлы қазақ, орыс, ағылшын, испан, неміс тілдерін жетік меңгерген.

Үздік үштікті Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова түйіндейді. Олар 4 тілді біледі. Атап айтқанда, Дархан Қуандықұлы қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдеріне, Бағдат Батырбекұлы да қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдеріне, Тамара Босымбекқызы қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілдеріне жүйрік.

Қазақ, орыс, ағылшын тілін білетіндер қатарында Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов, Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният, Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев және Энергетика министрі Болат Ақшолақов бар.

Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин, Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов, Әділет министрі Қанат Мусин, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серіккали Брекешев қазақ және орыс тілдерінде сөйлейді.

Ranking.kz тізімі бойынша көш соңында Юрий Ильин тұр. Ол өзінің ана тілін ғана біледі. Сөйтіп, Төтенше жағдайлар министрі мемлекеттік тілді білмейтін болып шықты.

Айта кетейік, жалпы Қазақстанда ағылшын тілін меңгеру деңгейі өте төмен. EF English Proficiency Index рейтингінде Қазақстан былтыр әлемдегі 112 елдің ішінде 96-орында тұрды. Сөйтіп, еліміз ағылшын тілін өте төмен деңгейде меңгерген елдер қатарына жатқызылды. Көрсеткіш – 426. Рейтингте Нидерланды, Австрия және Дания көш бастап тұр. Соңғы орында – Йемен.

ИНДЕКС 64048

«QAZAQ»

ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтпайсыз. Сіз ол үшін газеттің Kaspi Gold [4400 4301 2398 7262] картасына қажетті ақшаны [12 айға – 5 000 теңге] аударсаңыз, аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті. Содан кейін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға Сізді газетке жаздыртады.

01-беттен

«ТӘБЕТІ» ЗОР, БЕРЕРІ АЗ ВЕЛОЖОБА

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМАЛЫҚҚА ЕНБЕЙТІН КОМАНДАНЫ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ДҰРЫС ПА?

ФОТО ASTANA-QAZAQSTAN.COM

■ Қазақстан, Италия, Колумбия, ОАР, Испания, АҚШ, Беларусь елдерінің 29 велошабандозының басын қосқан қазақстандық команда салық төлеушілердің есебінен күн көреді...

Аманбек Күлшіков пен Ләззат Шәмшиева қос мекемедегі велоспортты дамытуға бөлінген қаржыны ұрлау, чех компаниясымен жалған келісімшартқа отыру арқылы 700 мың еуроны жымқыру фактілері бойынша айыпталды. Алты айға созылған соттың соңғы нүктесі былтыр мамыр айында қойылды. Аманбек Күлшіков те, Ләззат Шәмшиева да 7 жылға сотталды.

Тергеу барысында тойымсыз басшылардың ақша жеудің түрлі тәсілін меңгеріп алғаны анықталды. Мысалы, демеушілер сыйға тартқан қымбат велосипедтерді заңсыз келісімшарт жасау арқылы «сатып алып» отырған. Соның бір мысалы 2018 жылы орын алған. Демеушілер әлемдік стандарттарға сай келетін 200-ден астам бренд велосипед тарту етеді. Бірақ, жаңа велосипедтерге қажеттілік болмаса да, сол жылы бір компаниямен келісімшарт жасасқан басшылық құны 219 мың еуроға бағаланған 6 велосипедке тапсырыс береді. Яғни, сол велосипедтерді қағаз бойынша сатып алады, бірақ іс жүзінде демеушілер берген велосипедтерді олардың орнына қояды.

Тағы бір мысал. Ләззат Шәмшиева велоспортты дамыту үшін бөлінген 109 млн теңгені мақсатсыз жұмсайды. Атап айтқанда, атқарушы директор сол қыруар қаржыға турагенттіктен ішкі және сыртқы рейстерге билет сатып алады. Ал, жолаушылар әдеттегідей велоспортқа мүлдем қатысы жоқ оның туыстары мен таныстары болып шығады.

Жоғарыда сөз болған клубты да, команданы да «Самұрық-Қазына» қаржыландырады. Ал, оған қаржының қайдан бөлінетінін біз жазбай-ақ біліп отырсыздар.

АТЫ ӨЗГЕРГЕН КОМАНДАНЫҢ ЗАТЫ ӨЗГЕРДІ МЕ?

Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында кәсіби спорт клубтарын мемлекет қаржысы есебінен қаржыландыруды тоқтату керектігін айтты. Содан Президент тапсырмасын орындамақ ниетте «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры велокоманданы қаржыландыруды 50%-ға қысқартты. Ал, 2021 жылы канадалық «Premier Tech» компаниясы «Astana Pro Team» кәсіби велосипед клубының жаңа бірлескен иесі атанды. Осыған байланысты «Astana Pro Team» өз атауын «Astana-Premier Tech» деп өзгертті. Осылайша, командаға өзін-өзі қаржыландыруға шығу, Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) әлемдік турының жарыстарында өз өнерін жалғастыру міндеті қойылады.

Былтыр канадалықтар командаға қаржымен бірге өзінің басқару менеджментін де ала келді. Велокомандадан алдымен спорт директорлары Дмитрий Седун мен Александр Шефер кетті. Артынан Олимпиада чемпионы Александр Винокуров бас директор қызметінен алынды. Канадалық компанияның Олимпиада чемпионын басшылық қызметтен алуына Қазақстан велосипед спорты федерациясы қарсылық білдірді. Содан 1,5 айдан кейін канадалық компаниямен серіктестік мерзімінен бұрын тоқтатылды. Александр Винокуров қызметіне оралды. Велокоманданың барлық шығынын «Самұрық-Қазына» мойнына қайта алды.

Былтыр жыл соңында велокоманда өз тарихында үшінші рет атын ауыстырды. Содан биылғы маусымда ол «Astana Qazaqstan Team» атымен өнер көрсетті. Дегенмен, аты ауысқанымен, заты өзгермепті. 2007-2017 жылдардағы даңқы келмеске кеткендей әсер қалдырады. Өйткені, «Astana Qazaqstan Team» командасының велошабандоздары биылғы маусымда деңгейі төмен құрлықтық бәсекелерді есепке алмағанда, әлемдік жарыстарда ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке жете алған жоқ. Команданы қазақстандық Алексей Луценко мен колумбиялық Мигель Анхель Лопес екеуі ғана сүйреп жүргендей көрінеді. Мысалы, 30 жастағы Алексей Луценко салыстырмалы түрде төмен рейтингке (1.1) ие «Classic Jaén Paraíso Interior» (Испания) біркүндік жарысында мәре сызығын бірінші болып кесті. Қызылжар тумасы «Tour of Switzerland» (Швейцария) көпкүндік жарысының бір кезеңінде үшінші орын алды. Көпкүндік «Tour of the Alps» (Италия, Австрия) велобәйгесінің бір кезеңінде «Astana Qazaqstan Team» сапынан 28 жастағы Мигель Анхель Лопес жеңіс тұғырына көтерілсе, испан көпкүндігінде екі рет үздік үштікті қорытындылады.

«Giro d'Italia» (Италия), «Tour de France» (Франция) және «Vuelta a España» (Испания) көпкүндік жарыстары шоқтығы биік велобәйгелер саналады. Өкінішке қарай, осы жарыстарда «Astana Qazaqstan Team» велошабандоздары жеңіс тұғырына көтеріле алған жоқ. «Giro d'Italia» көпкүндігінде Винченцо Нибали үздік үштікке енуге бір табан жақын болды. Біздің команданың атынан сынға түскен итальяндық Италия, Венгрия, Словения жолдарынан өтетін 3 450 шақырымдық велобәйгеде төртінші орынға табан тіреді. Бірақ, бұл жерде екі факторды атап өтпеске тағы болмайды. Біріншіден, жалпы есепте итальяндықтың алдында тұрған бір велошабандоздан коронавирус табылып, ол жарыс жолынан шығып қалды. Екіншіден, көпкүндіктің жеңімпазы Джей Хиндлиден (Австралия) бақандай 9 минутқа қалып қойды.

Әрине, биыл қазақстандық велокомандаға қайта оралған 38 жастағы Винченцо Нибалиге Джей Хиндли, Ричард Карапас сияқты жастармен бәсекеге түсу оңай емес. Оның үстіне «Astana Pro Team» сапында 2013-2016 жылдары «Giro d'Italia» көпкүндігін екі рет, «Tour de France» көпкүндігін бір рет жеңіп алғанын, 2013 жылы «Vuelta a España» көпкүндігінде мәреге екінші болып келгенін атап өтпеске болмайды.

Енді негізі 1903 жылы қаланған биылғы «Tour de France» көпкүндігіне тоқталайық. Дүбірлі додада команда намысын қорғаған Қызылжар тумасы Алексей Луценко үздік ондыққа енді. Ол тоғызыншы орынға тұрақтады. Қарсыластарының бірі тыйым салынған препаратты қолданғаны үшін шеттетілгеннен кейін команда капитаны сегізінші орынға көтерілді. Дегенмен, Алексей Луценко көпкүндік жеңімпазы даниялық Йонас Вингегордан 23 минутқа қалып қойғанын ескерсек, оның алғашқы ондыққа енуінің маңыздылығын төмендетеді.

87 жылдық тарихы бар «Vuelta a España» көпкүндігінде биыл бельгиялық велошабандоз Ремко Эвенепул алдына ешкімді салмады. Жалпы есепте «Astana Qazaqstan Team» велошабандоздарының арасынан Мигель Анхель Лопестен басқасы үздік ондықтың ауылынан алыс болды. Көпкүндіктің бесінші кезеңінде Вадим Пронский – сегізінші, Самуэле Баттистелла 7-кезең мен 9-кезеңде – екінші, 16-кезеңде – алтыншы болып мәре сызығын қиды. Аталған көпкүндікте Мигель Анхель Лопестің жалпы есеп бойынша Ремко Эвенепулдың алдын орап кетуге мүмкіндігі болды. Өйткені, «Astana Qazaqstan Team» велошабандозы 10-кезеңде – тоғызыншы,

04-бетте

ТОП-10: ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ВЕЛОКОМАНДАЛАРЫ (ЕРЛЕР)

№	ВЕЛОКОМАНДА	МЕМЛЕКЕТ	ҰПАЙ
01	Jumbo-Visma	Нидерланд	14 548
02	INEOS Grenadiers	Ұлыбритания	12 219
03	UAE Team Emirates	Біріккен Араб Әмірліктері	12 025
04	Quick-Step Alpha Vinyl Team	Бельгия	9 996
05	Intermarche-Wanty-Gobert	Бельгия	9 983
06	BORA-hansgrohe	Германия	9 576
07	Groupama-FDJ	Франция	8 714
08	Bahrain Victorious	Бахрейн	8 634
09	Alpecin-Deceuninck	Бельгия	7 732
10	Team Arkea-Samsic	Франция	7 306
21	Astana Qazaqstan Team	Қазақстан	3 791

Дереккөз ▌ UCI
Инфографика ▌ Айнұр Қайратбекқызы

● ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА...

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі демалыс күндерін ауыстыру жөнінде Үкімет қаулысының жобасын жариялады. Қазақстандықтар осы қазан айында жалпы 11 күн демалады.

25 қазан – Республика күніне байланысты сенбідегі (22 қазан) демалыс күні дүйсенбіге (24 қазан) ауыстырылады. Сөйтіп, 23–25 қазан аралығы – қатарынан үш күн демалыс болып белгіленді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы 16 маусымдағы Ұлттық құрылтай отырысында Республика күнін қайтаруды ұсынды. Президент ұсынысын Сенат пен Мәжіліс депутаттары қолдап, заңға түзетулер енгізді. Содан 13 жыл уақыт бойы ұмыт қалған Республика күні қайта оралды.

ЖАҢА БҰЙРЫҚ

БАЛАБАҚШАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР КҮШЕЙТІЛДІ

Қазақстанда мемлекеттік тапсырыс алатын балабақшаларға қойылатын талаптарды күшейтетін бұйрыққа қол қойғанын хабарлаған ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов жаңа құжаттың негізгі талаптары туралы түсіндірді.

40 жастағы министрдің мәліметінше:

• өртке және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барынша жағдай жасаған, дабыл түймесі мен ішкі дауыстық ескерту жүйесін қойған;

• ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдай жасаған;

• бейнекамералар орнатқан;

• балаларға қолайлы пәндік дамыту ортасын қалыптастыру үшін ғимаратты қажетті құрал-жабдықтармен, жиһаздармен жабдықтаған;

• медициналық көмек көрсетумен қамтамасыз еткен;

• балалармен жұмыс істеуі үшін тиісті біліктілігі немесе білімі бар тәрбиешілерді жұмысқа алған балабақшаларға ғана мемлекеттік тапсырыс беріледі.

«Мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі де өзгертілді. Бұрын білім басқармалары мемлекеттік тапсырысты орналастырған кезде белгілі бір балабақшаға нақты орын санын көрсетсе (мысалы, «Балбөбек» – 100 орын, «Еркетай» – 50 орын), енді барлық талапқа сәйкес келетін балабақшалар мемлекеттік тапсырыс алатын ұйымдардың жалпы тізбесіне енгізіледі. Сәйкесінше, ата-аналар балабақшаға жолдама алған кезде тізімнен нақты балабақшаны өздері таңдай алады. Яғни, қанша ата-ана балабақшаны таңдаса, балабақша солардың санына сәйкес мемлекеттен қаржыландырылады», – деп түсіндірді Асхат Қанатұлы.

Жаңа бұйрықта келесідей талаптар қойылған:

• Мемлекеттік тапсырысты алу үшін құжаттар саны қысқартылды. Егер бұрын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар көп құжатты ұсынған болса, енді тізім 4 құжатқа дейін азайтылды. Қалған құжаттар ақпарат жүйелерінен алынады;

• Электронды түбіртектер енгізіледі. Бұл шара «жалған орынға» айналған тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Яғни, балалардың мәлімделген саны сәйкес келмеген мектепке дейінгі ұйымдарды артық қаржыландырудың жолы кесіледі;

• Енді білім басқармаларына мемлекеттік тапсырысты орналастыру тізбесіне енгізу туралы шешім қабылдағанға дейін балабақшалардың жұмысымен және жағдайымен танысу құқығы беріледі. Жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында мұндай мониторинг міндетті түрде балабақшалар қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі;

• Рәсімнің ашықтығы үшін өтінімдер мен барлық құжатты комиссия міндетті түрде бейне және аудиожазбамен қарайды.

«Мемлекеттік тапсырысты алу үшін берілген өтінімдер мен құжаттарды енді білім бөлімі сайтқа орналастырады. Бұл шара жемқорлық тәуекелдерін азайтып, мемлекеттік тапсырысты орналастырудың ашықтығын қамтамасыз етеді», – деп санайды Асхат Қанатұлы.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Мектеп жасына дейінгі 3 миллионға жуық бала бар Қазақстанда 10 583 мектепке дейінгі ұйым тіркелсе, соның ішінде 3 809-ы – жекеменшік балабақша. Онда 351,1 мың бала тәрбиеленіп жатыр. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының мәліметінше, жекеменшік балабақшаға берілетін мемлекеттік тапсырыс көлемі ауылда – 45 348 теңге, қалада – 41 197 теңге, экологиялық аймақта орналасқан ауылда – 54 216 теңге, қалада – 50 065 теңге.

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЕЛІМІЗДЕГІ ПЕДАГОГТЕР САНЫ 555 МЫҢДЫ ҚҰРАДЫ, СОНЫҢ 22,7% -Ы – 30 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГТЕР, 2,5% -Ы – ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕР

20 ҚАРАША 2022 ЖЫЛ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ҮМІТКЕРГЕ ҚАНДАЙ ТАЛАПТАР ҚОЙЫЛАДЫ?

23 қыркүйекте Қазақстанда кезектен тыс президент сайлауына кандидаттар ұсыну басталды. Науқан 19 күнге, яғни 11 қазан кешкі сағат алтыға дейін созылады. Ал, президенттікке кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынады. Орталық сайлау комиссиясы 23 қыркүйек пен 21 қазан аралығында үміткерлердің Конституция мен сайлау заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Кандидаттарға қойылатын талаптар:

- соңғы 15 жыл ел аумағында тұрған,
- жоғары білімі бар, 40 жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие;
- мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі бар;
- мемлекеттік тілді еркін меңгерген тумысынан Қазақстан азаматы болуы шарт.

Саяси додада бақ сынайтын кандидаттар 3 млн теңге жарна төлеуге міндетті. Егер кандидат лауазымға сайланса немесе дауыс беруге қатысатындардың кемінде 5% дауысын жинаса, сайлау жарнасы қайтарылады. Бұдан бөлек, президенттікке кандидаттарды қолдау облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде 2/3 атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылар санының кем дегенде 1%-ның қолын жинаумен куәландырылуға тиіс. Ал, 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, Қазақстан сайлаушыларының тізіміне 11 827 277 азамат енген. Демек, әрбір кандидат кемінде 118 273 сайлаушының қолын жинауы керек.

КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров кандидаттарды тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізімін жариялады.

Кандидаттарды тіркеуге қажетті құжаттар тізімі:

- қоғамдық бірлестіктің жоғары органы отырысының хаттамасынан президенттікке кандидат ұсыну туралы үзінді;
- қоғамдық бірлестіктің Әділет министрлігінде тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі;
- президенттікке кандидат ретінде сайлауға түсуге келісім беру туралы өтініш;
- азаматтардың қолдарын тексеру нәтижесі туралы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамалары;
- кандидаттың өмірбаяны;
- кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) активтері мен міндеттемелер туралы декларацияларды тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;
- кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжат;
- денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытынды.

Айта кетейік, сайлау алдындағы үгіт 21 қазанда басталып, 18 қарашада аяқталады. 19 қараша – тыныштық күні. Ал, 20 қарашада халық сайлау учаскелерінде дауыс береді.



ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛАДЫ?

ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәбила Мұстафина Қазақстанда кезектен тыс президент сайлауын өткізуге 20,5 млрд теңге кететінін айтып, қажет соманың неліктен өскенін түсіндірді.

«Еңбекақы қоры барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының 70 мыңнан астам мүшесінен тұрады. Олардың еңбекақысы ең төменгі жалақы мөлшеріне сәйкес келеді. 2019 жылы ең төменгі жалақы – 42,5 мың теңге болса, биыл – 60 мың теңге. Бұл – сайлау науқанының сметасындағы үлкен секіріс. Ең әуелі кез келген науқанның 80%-ын жалақы қоры құрайды, бұл соған байланысты. Бүгінге дейін біз Қаржы министрлігіне сайлау науқанын өткізуге кететін шығынның шамамен сметасын ұсынып, қазір 20,5 млрд теңгені талқылау үстіндеміз», – деп түсіндірді ОСК өкілі Сәбила Мұстафина.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы мүшесінің айтуынша, ОСК жаңа өңірлер мен жаңа сайлау учаскелерінің құрылуына байланысты сайлау жәшігін сатып алу үшін белгілі бір соманы сұраған.

Айта кетейік, биыл 5 маусымда өткен Конституциялық референдум өткізуге республикалық бюджеттен 16,4 млрд теңге бөлінді. Оның 79 пайызы учаскелік және аумақтық комиссиялардың 71 мыңға жуық мүшесінің жалақысына жұмсалды. Қаражаттың қалған 21 пайызы дауыс беру учаскелерінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге, Орталық референдум комиссиясы мен учаскелік әрі аумақтық комиссиясының жұмысына, баспа өнімдерін даярлауға, ақпараттық сүйемелдеуге кетті.

ОСЫ САЙЛАУДА ПРЕЗИДЕНТ БІР МЕРЗІМГЕ ҒАНА САЙЛАНАДЫ

20 қараша күні сайлаушылар Қазақстан президентін жеті жылға және бір мерзімге ғана сайлайды. Яғни, елімізде президенттің қайта сайлануына тыйым салынады. Конституцияға тиісті түзетулер таяуда енгізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған Жолдауында президент мандатын 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынған болатын. Көп ұзамай Парламент депутаттары Ата заңға енгізілетін өзгерістерді қолдап дауыс берді. Артынша Президент қол қойды. Бұған дейін Қазақстан президенті бес жылдан екі мерзімге сайлану құқығына ие болып келген еді.

Айта кетейік, президенттік өкілеттілік мерзімін ұзарту – посткеңестік кеңістік үшін қалыптасқан дағдыға айналды. Мысалы, 2020 жылы Ресей Федерациясының Конституциясына түзетулер енгізіліп, Путиннің президенттік мерзімі нөлге теңестірілетін заң күшіне енді. Бұл жолмен оңтүстіктегі көрші ел Өзбекстан да жүргісі келеді. Осылайша, Қазақстан президент мандатын бір мерзіммен шектеген посткеңестік кеңістіктегі жалғыз ел атанды. Мұндай норма 2010-2021 жылдары Қырғызстан Конституциясында да болған еді. Дегенмен, жыл басында Садыр Жапаровтың бастамасымен жаңа Конституция қабылданып, бұл норма Қырғызстанда күшін жойды.



ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР «БӘРІНЕ ҚАРСЫ» ДАУЫС БЕРЕ АЛАДЫ

20 қарашада Қазақстанда өтетін кезектен тыс президент сайлауының бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылады. Яғни, президенттікке ұсынылған кандидаттарға сайлаушылардың көңілі толмаса, олар дәл осы тармақты таңдап, өз қарсылығын білдіре алады.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров хабарлағандай, биыл бюллетеньдер айтарлықтай қымбаттаған. Мәселен, 2019 жылы бір бюллетеньді әзірлеуге 11 теңге қажет болса, биыл оның құны 22 теңгеге дейін артып отыр.

Айта кетейік, VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сайлау бюллетеніне «бәріне қарсымын» деген бағанды енгізуді ұсынған болатын. Оны Президент: «Шын мәнінде, баламалы пікір және бәріне қарсы дауыс беру ұғымы біз үшін де қалыпты нәрсе болуға тиіс. Сондықтан барлық деңгейдегі сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген жазу енгізген жөн», – деп түсіндірді. Содан былтыр Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі сайлау бюллетеніне «бәріне қарсымын» бағанын қосуды көздейтін заңға қол қойды.

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Орталық сайлау комиссиясы сайлаушыларға үндеу жолдады. Үндеу мәтінін ҚР ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров жария етті.

«Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі. Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келуге мүмкіндігі жоқ әрбір азамат дауыс беру күніне дейін бір айдан кешіктірмей немесе 2022 жылғы 20 қазанда тиісті әкімдікке өтініш беруге және өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы. Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады», – делінген үндеу мәтінінде.

Сонымен қатар, құжатта осы құқықты:

- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар;
- басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханадан тыс тұратын студенттер;
- дауыс беру күні олар тіркелген жерінде болмайтынын білетін азаматтар пайдалана алатыны көрсетілген. Ол сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіледі.

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСУҒА ҮШ КАНДИДАТ НИЕТТІ

4 қазан күнгі сағат 16:00-дегі жағдай бойынша, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының кандидаты Жигули Дайрабаевтан бөлек кезектен тыс президент сайлауына қатысуға тағы екі кандидат ниет білдірді.

Қазан айының алғашқы күні Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП) Нұрлан Әуесбаевты кезектен тыс президент сайлауына кандидат ретінде ұсынды. Сол күні өткен партияның кезектен тыс XIX съезіне жиналғандар бұл ұсынысты қолдаған. Заңгер, экономист Нұрлан Сатыбалдыұлы 1957 жылдың 17 мамырында қазіргі Түркістан облысында дүниеге келген. Ол Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Астана филиалының төрағасы.

Үшінші кандидат – «Астана» халықаралық ғылыми кешенінің экономикалық зерттеулер институтының басшысы Мейрам Қажыкен. Оның кандидатурасын 3 қазан күні «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар достастығы» республикалық кәсіподақтар бірлестігі ұсынды. Мейрам Зекешұлы 1961 жылдың 5 сәуірінде Павлодар облысында туған. Экономика саласындағы бірнеше ғылыми мақалалар мен кітаптардың авторы.

Айта кетейік, 6 қазанда «AMANAT», «Ақ жол» және Қазақстан халық партияларының съезі өтеді. Онда аталған саяси ұйымдар өз кандидаттарын ұсынады.

АЛҒАШҚЫ КАНДИДАТТЫ «АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ ҰСЫНДЫ

30 қыркүйек күні 20 қарашада өтетін кезектен тыс президент сайлауына қатысуға ниет білдірген бірінші кандидаттың есімі белгілі болды. Ол – Жигули Дайрабаев.

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының кезектен тыс XX съезінде алдағы президент сайлауына партия атынан түсетін үміткер ретінде Қазақстан фермерлер қауымдастығының басқарма төрағасы Жигули Дайрабаевты ұсынды.

Айта кетейік, Жигули Молдахалықұлы – Жамбыл облысының тумасы. Рысқұлов ауданының Жалпақсаз ауылында дүниеге келген. Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын және жоғары ауыл шаруашылығы мектебін тәмамдаған. Агроном ғалым. 1974-1995 жылдары Луговской ауданында комсомол комитетінің нұсқаушысы, хатшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы, Каменский ауылдық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Әр жылдары Жамбыл атындағы колхоздың басшысы, Т. Рысқұлов ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы, «Қорағаты» совхозының директоры, Т. Рысқұлов аудандық статистика басқармасының бастығы, Шу ауданы «Бірлік» нан қабылдау кәсіпорнының директоры, Меркі ауданының «Казексим-Мерке» директоры, «Қазақстан фермерлер одағы» қауымдастығының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы болды. Қазір «Қазақстан фермерлер одағы» қауымдастығының президенті.

«ТӘБЕТІ» ЗОР, БЕРЕРІ АЗ ВЕЛОЖОБА

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМАЛЫҚҚА ЕНБЕЙТІН КОМАНДАНЫ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ДҰРЫС ПА?

03-беттен

14-кезеңде – екінші, 15-кезеңде – үшінші, 18-кезең мен 19-кезеңде – тоғызыншы, 20-кезеңде – сегізінші болып мәре сызығын кесіп өтті. Өкінішке қарай, алғашқы кезеңдерде сәтсіз өнер көрсеткендіктен, қорытынды есепте Мигель Анхель Лопес басты қарсыластары Ремко Эвенепул, Энрик Мас және Хуан Аюсодан қалып қойды. Көпкүндікті төртінші орынмен қорытындылады.

Биылғы маусымның алдын ала қорытындысы бойынша «Astana Qazaqstan Team» командасы өз тарихында ең нашар өнер көрсетті деуге негіз бар. Себебі, биылғы маусымда 3,8 мыңдай ұпай жинаған біздің команда Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) рейтингінде 21-орында тұр. Жоғары дивизионда барлығы 18 команда өнер көрсететінін ескерсек, бұл көрсеткішке көңіл толмайтыны айтпаса да түсінікті.

КОМАНДАНЫҢ ПАЙДАСЫНАН ШЫҒЫНЫ КӨП ПЕ?

«Astana Qazaqstan Team» командасының осы маусымдағы көрсеткішіне қарап, «тәбеті» зор, берері аз жоба санауға болады. Ашық дереккөзде 15 жылдық тарихы бар команданың қазіргі бюджеті туралы мәлімет жоқ. Дегенмен, велошабандоздардың бір велосипеді Алматыдағы бір бөлмелі пәтердің құнымен бірдей екені жасырын емес. Олардың жол шығыны мен айлығына да қыруар қаржы кетеді. Яғни, команданың бюджетін білмесек те, оның шығыны шаш етектен екенін іш сезеді.

2016 жылға дейін команданың бюджеті 22 млн еуро көлемінде болғаны халыққа мәлім. Қазіргі курспен есептегенде, шамамен 10 млрд теңге. Ал, 2017 жылы команданың қаржылық қиындықтарға тап болғаны жалпақ жұртқа жария болды. Екі жыл бұрын Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіби спорт клубтарын мемлекет есебінен ұстаудың орынсыз екенін айтты. Бұл да жығылғанға жұдырық болса керек. Себебі, былтыр «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры команданы қаржыландыруды 50%-ға қысқартатыны, «Premier Tech» компаниясы (Канада) команданың жаңа бірлескен иесі атанатыны хабарланды. Араларынан қандай мысық өткені белгісіз, көп ұзамай қазақстандық команда мен канадалық компания арасындағы серіктестік тоқтатылды. Былтыр «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры «Astana Qazaqstan Team» велокомандасы құрамына кіретін «Astana» кәсіби спорт клубына демеушілік көрсетуді жалғастыра беретінін мәлімдеді.

Құдайшылығын айтсақ, мемлекет қаржысына құрылған команда әу баста өзіне жүктелген басты міндетті орындады, кеткен шығынды ақтады. Команда 2007 жылы құрылғанда Елорданың Алатау бөктерінен Сарыарқа төріне қоныс тепкеніне 10 жыл да болмаған еді. Демек, сол кезде «Astana Pro Team» атауын алған қазақстандық велокоманда Астананың атын осы спорт түрі дамыған Еуропаға насихаттау мақсатын көздеді. Бір қуаныштысы, команда бұл үдеден шыға алды. Жаңа Елорданы әлемге танытуға өзіндік үлес қосты. Атап айтқанда, 2007-2017 жылдары Елорда атауын алған команданың велошабандоздары «Giro d'Italia», «Tour de France», «Vuelta a España» сияқты шоқтығы биік велобәйгелерде 8 рет мәре сызығын бірінші болып кесті. Үздік үштіктен көрінгендер де аз болмады. Сол жылдары «Astana Pro Team» әлемдегі ең үздік велокомандалардың бірі саналды. Осылайша, Қазақстан дегенде «Боратты» еске алатын еуропалықтарға Астананың, Қазақстанның атын паш етті.

Өкінішке қарай, 2018 жылдан кейін велокоманда бұрынғы даңқынан айырыла бастады. Жоғарыда аты аталған грандтурларда енді велошабандоздардың жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілуі былай тұрсын, жүлдегер қатарынан көрінулерінің өзі арманға айналды. Оған осы маусымның алдын ала қорытындысы да дәлел бола алады.

Әлемге әйгілі еуропалық велобәйгелерді аудиториясы көп «Eurosport» сияқты телеарналар көрсетеді, «Mundo Deportivo», «La Gazzetta dello Sport» сияқты газеттер жазады. Яғни, бұл жеңіске жеткен, жүлдегер атанған, үздік ондыққа енген командалар үшін тегін жарнама. Себебі, велошабандоздың жейдесінде команданың аты, бас демеушінің логотипі бар. Осы үшін алпауыт компаниялар велокомандаларға демеушілік көрсетеді. Ал, біздің жағдайымызда елімізді, астанамызды, туымызды насихаттаймыз. Сондықтан былтыр команданың атауы «Astana Qazaqstan Team» болып өзгертілді.

Әрине, ізгілікті істен ілік іздеуге болмайтын шығар. Бірақ, отандық велокоманданың соңғы жылдардағы нәтижесіне қарасаңыз, біздің команданы «Eurosport» неге көрсетпей, ол туралы «Mundo Deportivo» неге жазбай жүргенін түсінесіз. Демек, алдағы маусымда команда бұрынғы деңгейіне көтеріле алмаса, онда оған мемлекет қаражатын жұмсау артық болады.

Алаңдатқан тағы бір мәселе. «Astana Pro Team» командасы бюджет есебінен құрылғанда оған елімізде велоспортты популяризациялау міндеті де жүктелген болатын. Алайда, команданың велошабандоздарына еліктеген жастар байқалмайды. Александр Винокуров, Андрей Кивилев, Андрей Кашечкин, Дмитрий Фофонов, Максим Иглинский сияқты қазақстандық велошабандоздардың аты «Astana Pro Team» командасына дейін әлемге мәшһүр болды. Олар шетелдік велокомандалардың сапында жүріп жаһанға танылды. «Astana Pro Team» сапында тек Алексей Луценко ғана жоғарыда есімі аталған велошабандоздардың деңгейіне жақындай алды. Демек, бюджеттің мойнына масыл болып отырған командадан жаңа есімдер шыққан жоқ. Ал, тек легионерлерге иек арту дұрыс емес. Құдай-ау, «Astana Qazaqstan Team» сапындағы сол легионерлердің өзі де соңғы жылдары жақсы нәтиже көрсете алмай жүр ғой.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры қаржыландыратын «Astana Qazaqstan Team» командасының биылғы маусымдағы көңіл көншітпес нәтижелеріне жоғарыда арнайы тоқталдық. Себебі, Қазақстан, Италия, Колумбия, ОАР, Испания, АҚШ, Беларусь елдерінің 29 велошабандозының басын қосқан қазақстандық команда салық төлеушілердің есебінен күн көреді. Ал, әлемдік рейтингте алғашқы жиырмалыққа да енбейтін команданы мемлекет есебінен қаржыландыру дұрыс па?!

ЭМОМАЛИ, ОЗОДА, РУСТАМ РАХМОНДАР...

ТӘЖІКСТАННЫҢ КЕЛЕСІ ПРЕЗИДЕНТІ КІМ БОЛМАҚ?

КОЛЛАЖ АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККҚЫЗЫ

■ Әкесі жақсы қандай-ды! Тәжікстан президентінің 44 жастағы қызы Озода Рахмон – Тәжікстан президенті аппаратының жетекшісі, 34 жастағы ұлы Рустам Эмомали – Душанбе қаласының әкімі әрі Тәжікстан парламенті Жоғарғы палатасының төрағасы

Фараби СӘЙКЕНОВ

СОВХОЗ БАСТЫҒЫ БИЛІККЕ ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

Негізгі тақырыпқа тоқталмас бұрын, әуелі Эмомали Рахмонның билік басына қалай келгеніне қысқаша тоқталайық.

1991 жылы 9 қыркүйекте КСРО-дан азаттығын алған Тәжікстанға тәуелсіз мемлекет құру оңайға түскен жоқ. Себебі, Мәскеудің уысынан шыққан өзге елдер тоқсаныншы жылдары экономикалық дағдарысты басынан кешсе, Тәжікстан экономикалық құлдыраудан бөлек, бес жылға созылған Азамат соғысының ауыр зардабын қоса тартты.

Тәжікстанда тұңғыш президент сайлауы 1991 жылы 24 қарашада өтті. Сол саяси бәйгеде сайлаушылардың 58,5% дауысын алған Рахмон Нәбиев президент болып сайланды. Оның басты қарсыласы Давлатназар Худоназаров сайлауға қатысқан халықтың 30,1% дауысына ие болды.

Сөйтіп, билікке келген тұңғыш президент елде демократия орнату үшін барын салады. Сөз бостандығына шектеу қоймайды. Әркім өзінің пікірін айтуға да, ойын білдіруге де құқылы екенін құптайды. Бірақ, осы демократиялық құндылықтар президенттің өзіне кері әсер етеді. Себебі, оппозициялық күштер мемлекеттегі мұндай «жеңілдіктерді» өз пайдасына жарата алды. Олар бұқаралық ақпарат құралдарында, шерулерде Рахмон Нәбиев билігін ашық сынға алып, халықты ұлы күреске шақырды. Оппозициялық топ тұңғыш президентті демократияны желеу етіп, кеңестік идеологиядан арылмаған, ислам құндылығына зиянын тигізетін басшы ретінде айыптады. Билік пен оппозиция арасындағы қарулы қақтығыс Азамат соғысына ұласты. Оппозиция өкілдері жеңіске жетті. Тұңғыш президент 1992 жылы 7 қыркүйекте отставкаға кетуге мәжбүр болды.

Сол жылы 20 қарашада Тәжікстанда президент лауазымы жойылды, президенттің функциялары Тәжікстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасына берілді. Ал, сол тұста төраға қызметін қазіргі президент Эмомали Рахмон атқарды. Осылайша, 1987 жылдан 1992 жылға дейін Ленин совхозын басқарған Эмомали Рахмон билік басына келді.

Араға екі жыл салып Тәжікстанда президент лауазымы қайта пайда болды. Содан Азамат соғысы болып жатқан 1994 жылы Рудаки елінде екінші президент сайлауы өтті. Қолындағы билігін ұтымды пайдалана білген Эмомали Рахмон 42 жасында Тәжікстан президенті болып сайланды.

Иә, тәжік басшысы билікті уысынан шығармау үшін тер төкті. 1999, 2006 және 2013 жылдары мерзімінен бұрын сайлау өткізіп, айқын басымдықпен қайта сайланып отырды. 2003 жылы халықтық референдум өткізіп, президенттік өкілеттігін 4 жылдан 7 жылға дейін ұзартып алды. Ол аз десеңіз, 2006 жылы Конституциялық кеңестің шешімімен сайлауға қалағанынша қатысу құқығына ие болды.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҰЛЫ ЕЛ ТІЗГІНІН ҚОЛЫНА ҰСТАЙ МА?

5 қазан күні жетпістің жотасына шыққан Эмомали Рахмонның ел тізгінін ұстап отырғанына 30 жылға жуықтады. Соған байланысты ол келесі президент сайлауына түспей, билік транзитінің түркіменстандық нұсқасын қолдануы мүмкін. Себебі, оған алғышарттар да жасалды. Ел Конституциясына енгізілген өзгертулер президент пен оның ұлын түрлі қатерден сақтайды.

Қазіргі президенттің ұлы Рустам Эмомалидің «тақ мұрагері» екені бұрыннан айтылып та, жазылып та жүр. 2016 жылы Эмомали Рахмонның Конституцияға өзгеріс енгізуі, артынша 30 жастағы ұлын Душанбенің мэрі етіп тағайындауы қалың жұртшылыққа мұрагердің кім екенін сездірсе керек.

Осыдан алты жыл бұрын Эмомали Рахмонның пәрменімен Тәжікстан Конституциясының 65-ші бабына бір ауыздан түзету енгізіліп, «президенттікке үміткердің жасы отыздан басталуы шарт» деп тайға таңба басқандай анық жазылды. Бұл өзгеріс президенттің 34 жастағы ұлының оң жамбасына дөп келеді. Сөйтіп, Рустамның алдындағы Конституциялық кедергілер жойылды.

ТӘЖІКСТАНДА СОҢҒЫ РЕТ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ЕКІ ЖЫЛ БҰРЫН ӨТТІ. ПАМИР ТАУЫНЫҢ БӨКТЕРІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕЛДІҢ АЗАТТЫҚ АЛҒАЛЫ БЕРІ ӨТКЕН СОЛ АЛТЫНШЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНДА ӘДЕТТЕГІДЕЙ ЭМОМАЛИ РАХМОН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ. «ӘДЕТТЕГІДЕЙ» ДЕП ОТЫРҒАНЫМЫЗ, 30 ЖЫЛ БОЙЫ БИЛІК ТІЗГІНІН ЕШКІМГЕ БЕРМЕЙ, 10 МЛН ХАЛЫҚТЫ «АШСА АЛАҚАНЫНДА, ЖҰМСА ЖҰДЫРЫҒЫНДА» ҰСТАП ОТЫРҒАН ОЛ ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛТЫ САЙЛАУДЫҢ БЕСЕУІНЕ ҚАТЫСЫП, СОНЫҢ БАРЛЫҒЫНДА ҚАРСЫЛАСТАРЫН АЙҚЫН БАСЫМДЫҚПЕН ЖЕҢІП ШЫҚҚАН. ЗАҢ БОЙЫНША КЕЛЕСІ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ 2027 ЖЫЛДЫҢ КҮЗІНДЕ ӨТУІ ТИІС. БІРАҚ, МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТӘЖІКСТАНДА ҮЙРЕНШІКТІ ЖАҒДАЙҒА АЙНАЛҒАНЫН АЛҒА ТАРТҚАН САРАПШЫЛАР ЖЕТІНШІ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ 2–3 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ӨТЕТІНІН, ОҒАН ҚАЗІРГІ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТҰҢҒЫШ ҚЫЗЫ НЕМЕСЕ ҰЛЫ ҚАТЫСАТЫНЫН АЙТАДЫ. «ЖЕЛ ТҰРМАСА ШӨПТІҢ БАСЫ ҚИМЫЛДАМАЙДЫ» ДЕГЕНДЕЙ, РАСЫНДА ЭМОМАЛИ РАХМОННЫҢ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ МҰРАГЕР ТАҒАЙЫНДАУҒА КҮШ САЛЫП ЖҮРГЕНІ БАЙҚАЛАДЫ. ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР «QAZAQ» ГАЗЕТІ БҮГІН САРАПШЫЛАРДЫҢ ТӘЖІКСТАННЫҢ КЕЛЕСІ ПРЕЗИДЕНТІ ТУРАЛЫ БОЛЖАМДАРЫНА ТОҚТАЛАДЫ.

Тәжік президенті билікті ұлына берудің алғышарттарын әзірлегенімен, өзінің қауіпсіздігі мен уысындағы билігін де сақтандыруды ұмытпады. Ол үшін Конституцияның 65-ші бабының 4-тармағына мынандай өзгеріс енгізді: «Бір тұлға екі мерзімге президент болып сайлана алмайды. Бұл шектеу бейбітшілік пен ұлттық бірліктің негізін қалаушы, ұлт көшбасшысына қолданылмайды». Ал, «бейбітшілік пен ұлттық бірліктің негізін қалаушы» – Эмомали Рахмонның өзі.

Посткеңестік елдердегі көптеген сарапшылар Эмомали Рахмонның «тағын» ұлына беретіндігіне шүбә келтірмейді. Олардың мұндай қорытындыға келуіне Конституцияға енгізілген жоғарыдағы өзгерістер ғана емес, Рустам Эмомалидің қысқа уақыттың ішінде қызмет сатысында тез көтерілуі болса керек. Айталық, Тәжік ұлттық университетінің 2-курс студенті Рустам Эмомали 19 жасында ТР Экономикалық даму және сауда министрлігінің Дүниежүзілік сауда ұйымымен байланыс бөлімінде бас маман болып еңбек жолын бастайды. Содан ай санап емес, күн санап өсетін ертегідегі Толағай сияқты президенттің ұлы қызмет баспалдақтарынан жылдам көтеріледі. 26 жасында Тәжікстанның Кеден қызметін, 28 жасында Мемлекеттік қаржылық бақылау және жемқорлыққа қарсы күрес агенттігін басқарады. Ал, 2017 жылы 30 жасқа толмай жатып ел астанасы Душанбенің тізгінін қолына ұстады. Бұл аз десеңіз, президенттің ұлы екі қызметті қоса атқарады. Әкім әрі Тәжікстан парламенті Жоғарғы палатасының төрағасы. Соңғы қызметке 2020 жылдың 17 сәуірінде кірісті.

Эмомали Рахмон тәжірибесі жоқ ұлын үлкен қызметтерге тағайындағаны аздай, ол ұлына нағыз бәсекелес болатын саяси күштерді де қырына алып, саяси алаңды олардан тазартуға көшті. Тәжікстанның қайта өрлеу партиясын «террористік ұйым» деп танып, республика көлемінде партияның қызметіне тосқауыл қойды. Рустам Эмомалиге дейін тура 20 жыл Душанбе қаласының мэрі болған Махмадсаид Убайдуллоевтың үнін өшірді. Осылайша, ішкі саясаттағы кедергілердің алдын алған Эмомали Рахмон сыртқы күштердің де әсерін ұмыт қалдырмайды. Мысалы, үнемі Ресей президенті Владимир Путинді Душанбеде құдасындай күтеді. Иіліп төсек, жайылып жастық болады. Жалпы, тәжік халқының басым көпшілігі ел тағдыры Ресейдің қолында екеніне сенімді. Ол қисынды да. Біріншіден, ел бюджетінің жартысына жуығы еңбек мигранттарының Ресейден жіберген қаражатынан құралады. Ал, ел халқының 11 пайызы (1,1 млн) нәпақасын Ресейден тауып жүр. Екіншіден, Ресейдің әскери базасының арқасында Ауғанстанмен шектесетін Тәжікстан сыртқы күштерден төнетін қауіп-қатерлерден сақтандырылған.

ӘКЕСІ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ...

Тәжікстанның ішкі саясатын тереңінен білмейтіндер «Эмомали Рахмон «тағын» ұлына береді немесе орнында қалады» деп ойлауы мүмкін. Айтылған екі нұсқадан бөлек үшінші нұсқасы және бар. Себебі, президенттің билік басында отырған қызын да ұмытуға болмайды.

44 жастағы Озода Рахмон бүгінде Тәжікстан президентінің аппаратын басқарады. Озода да Рустам сияқты қызмет сатысынан жылдам көтерілді. Бірақ, тәжіктер Озоданы алдағы уақытта президент ретінде көргісі келмейді. Бұл «Байтал шауып бәйге алмас, құнан шауып құр қалмас» дегенді білдірмейді. Ел халқының көпшілігі ресейшілдер болғандықтан, олар «Озода Рахмон президент болған күнде АҚШ-қа арқа сүйейді» деген болжам айтады. Президент қызының АҚШ-тың екі университетінде (Georgetown University мен University of Maryland) жоғары білім алғанына, АҚШ-та Тәжікстан елшілігінде қызмет атқарғанына бола күдіктенеді.

Әкесінің арқасында Озода да інісі сияқты елдегі беделді саяси тұлғаға айналып шыға келді. Орталық Азиядағы ең ықпалды 10 әйелдің бірі саналады.

Сарапшылардың пікірінше, Рахмон Путиннің көңілін табуға тырысып, оның қолдауын ұлын Тәжікстанның бірінші тұлғасына айналдыру жолында пайдаланбақ. Екінші жағынан алып қарағанда, Озоданы батыстың халықаралық саяси аренасына шығаруға күш салып жатыр.

Президент екі перзентін де билік басында ұстағысы келеді. «Ұлын ұяға, қызын қияға қондыру» үшін жақыннан – Ресейден дорбалауға, алыстан – АҚШ-тан арбалауға әрекет етудің алдында тұр. Қазіргі уақытта Рустам мен Озода республиканың ықпалды ресурстарын иемденуге тырысады. Бұл әрекеттері саяси кландар мен кәсіпкерлердің арасында ғана емес, президент отбасы мүшелерінің де жанжалдасуына жағдай туғызады. Өйткені, Эмомали Рахмонның тоғыз перзенті, төрт күйеу баласы, ондаған туысқаны бар.

Рустам Эмомали туралы алып-қашпа әңгімелер де баршылық. Оның республикадағы беделді тұлға саналатын нағашы ағасы Хасан Асадуллозодаға оқ атқаны жұртшылықтың есінде.

«International Crisis Group» ұйымының бағалауынша, Озода Рахмон мемлекеттік қызметте інісіне қарағанда ауыз толтырып айтарлықтай сауатты, мемлекетті басқару қабілеті жоғары. Бірақ, әйел заты болғандықтан, оның мұсылман елін басқаруы мүмкін емес шығар. Демек, әпкесіне қарағанда Рустамның ұпайы түгел. Яғни, алдағы жылдары Эмомали Рахмонның елді уысында ұстап тұруға шамасы жетсе де, түбі ұлын өзінің орнына қояды.

Тәжікстанның келесі президенті кім болса да, бір нәрсе анық – Эмомали Рахмонның кіндігінен тараған ұрпағының бірі билік басына келеді. Өйткені, бүгінгі Тәжікстанның саяси бағдары демократиядан алыстап, диктатурадан монархияға қадам басудың аз-ақ алдында тұрғандай әсер қалдырады.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Өкінішке қарай, XXI ғасырға аяқ бассақ та, әлем елдерінің көбінде демократиялық басқару құрылымы толықтай орнай қоймады. Әсіресе, демократияның салтанат құрмауы кешегі КСРО құрамында болған кейбір посткеңестік елдердің бас ауруына айналды. Дегенмен, «Бетеге кетіп бел қалар, бектер кетіп ел қалар» дегендей, посткеңестік елдердің көбіне тән індеттің бір емі табылары сөзсіз. Өйткені, қандай да бір тұлғаның шексіз билік жүргізгені тарихта кездеспеген.

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТІМІЗДІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗДАР!

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕКПЕНІҢ ТОЛЫҚ ДОЗАСЫН АЛҒАН ТҰРҒЫНДАР САНЫ

Соңғы дерекке сүйенсек, Қазақстанда – 56,4%, Тәжікстанда – 53,7%, Түркіменстанда – 48,4%, Өзбекстанда – 48,2%, Қырғызстанда – 20,4% халық екпенің толық дозасын алды

Дереккөз ▮ **Our World in Data**
Инфографика ▮ **Айнұр Қайратбекқызы**

ШЕКАРАДАҒЫ ШИЕЛЕНІС

ПОЛЬША БЕЛАРУСЬПЕН ШЕКАРАСЫН ДУАЛМЕН ҚОРШАДЫ

■ Польша ұзындығы – 186 шақырым, биіктігі – 5,5 метр болатын дуалды 330 млн еуроға тұрғызды...

Былтыр күзде Таяу Шығыс, Оңтүстік Азия және Африкадан шыққан мыңдаған мигрант бірнеше ай бойы Еуропалық Одаққа мүше Польша, Латвия және Литва–ның аймағына Беларусь арқылы заңсыз кіруге әрекет еткенін көз көріп, құлақ естіді. Мигранттар ағынының күрт артуына байланысты Беларусьпен шектесетін жоғарыдағы үш елдің билігі мен шекарашылары біраз әбігерге түскені белгілі. Содан шекарадағы шиеленісті шешу, ендігі әрі оның алдын алу мақсатында былтыр Литва, Лат–вия мен Польша Беларусьпен шекарасын дуалмен қоршай бастады. Дуал құрылысын Литва тамызда, Польша осы айда аяқтады. Ал, 173 шақырымдық дуал тұрғызып жатқан Латвия оны 2024 жылдың көктемінде аяқтамақ.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Польшаның арнайы қызметінің өкілі Станислав Жарын Еуропалық Одаққа мүше ел шығыстағы көршісі Беларусьпен шекарадағы дуал құрылысын аяқтағанын хабарлады. Дуал салуға Варшава 1,6 млрд злото (шамамен 154 млрд теңге) жұмсады. Оның ұзындығы – 186 шақырымға, биіктігі – 5,5 метрге жетеді.

«Польшаға бүгінде заңсыз кіру мүмкін емес. Поляк шекарасы қазір Еуропадағы қорғанысы ең мықты шекара» деп жазды Станислав Жарын өзінің Twitter парақшасында.

Бір жыл бұрын Беларусь арқылы Еуропалық Одаққа заңсыз өтпек болған мигранттарды тоқтату үшін Литва да дуал құрылысын бастаған болатын. Ұзындығы – 502 шақырымды, биіктігі – 5 метрді құрайтын дуалдың құрылысы осы жаздың соңында толық аяқталды. Вильнюс бұған 152 млн еуро (шамамен 71 млрд теңге) бөлді.

Латвияның Беларусьпен шекарасының ұзындығы 173 шақырымды ғана құрайды. Ал, Литва бір жылда 502 шақырымға созылған дуалды тұрғызып біткенін ескерсек, Латвияда бұл жұмыстың баяу жүріп жатқанын аңғарасыз. Бір жылда Рига шекараның бір бөлігін ғана дуалмен қоршаған. Шенеуніктер шекарадағы жұмыстың баяу жүруін жердің күрделі табиғи ерекшелігімен және өзге де сыртқы жағдайлармен түсіндіреді. Соған байланысты Латвия бұл жұмысты тек 2024 жылдың көктемінде ғана аяқтайтынын ашық айтып отыр.

Q БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

Еуропалық Одақ шекарадағы шиеленіске Беларусь президенті Александр Лукашенконы кінәлады, мұны «2020 жылы президент сайлауынан кейін енгізілген санкциялар үшін Брюссельден өш алу» деп санады. Ресей қолдайтын Лукашенко режимі Еуропалық Одақтың бұл айыптауын мойындамай, «Польша мен Еуропалық Одақ мүшелері бейбіт азаматтарды паналатудан бас тартты» деп мәлімдеп, «адам құқығын бұзды» деп айыптады. Польша мен Еуропалық Одақтың өзге де мүшелері Мәскеуге «Минскіге дем беріп, шекарадағы дағдарысты ушықтыруға үлес қосты» деп кінә артты. Ал, Кремль мұны теріске шығарды.

COVID-19 ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 618 МЛН АДАМҒА ЖЕТТІ, КӨБІ АҚШ (96 МЛН), ҮНДІСТАН (44,6 МЛН), ФРАНЦИЯ (35,7 МЛН) ЖӘНЕ БРАЗИЛИЯДА (34,7 МЛН) ТІРКЕЛДІ

ШЕТЕЛГЕ БЕТБҰРЫС

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЭМИГРАЦИЯСЫНЫҢ ГРУЗИЯДАҒЫ КЕЗЕҢІ

АЛАШ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН БАСТАҒАН ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ИДЕЯСЫМЕН, ОРТА АЗИЯ МҰСЫЛМАН ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БЕЛСЕНДІ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН, БҰҚАРА ХАЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ТҮРКІСТАН МҰҚТАРИЯТЫ ОРНАҒАН БОЛАТЫН. БІРАҚ, ОЛ 64 КҮН ҒАНА ӨМІР СҮРДІ. КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ОНЫ ҚҰЛАТЫП, ҚОҚАН ҚАЛАСЫН ҮЙІНДІГЕ АЙНАЛДЫРДЫ. СОДАН МҰҚТАРИЯТ БАСШЫСЫ МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЕТЕЛГЕ КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛДЫ. БЕТБҰРЫС ГРУЗИН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНАН БАСТАЛЫП ЕДІ.

Ақпан революциясы патшаны тақтан тайдырып, түрлі партиялардың бой көтеруіне мүмкіндік жасады. Солардың бірі – социал-демократиялық партияның фракциясы ретіндегі большевиктер халықты өздеріне тарту үшін Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне «өз тұрмыс тіршіліктеріңізді өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалауларыңызға орай құрыңыздар» деді. Алайда, тарих сахнасына шығып, билікке келген соң олар басқаша сайрап, басқаша әрекетке көшті. Соның бірі – 1917 жылдың 27 қарашасында Орта Азияда алғаш дүниеге келген Қоқан автономиясын қанды қырғынға ұшыратып, қаланы үйіндіге айналдырды. Басшыларын тұтқынға алды. Өз басын жеткізген адамға большевиктер 1000 рубль беруге уәде еткенін білгеннен, елде тұру қауіпті екенін анық сезгеннен кейін Үкімет басшысы Мұстафа Шоқай Кавказ елдеріне карай ығысты. Каспий теңізі арқылы 1919 жылғы ақпанда Бакуге жетеді. Бұл Түркістанға бір табан жақын еді. Алайда, мұнда жұмыс істеу қиындық туғызғаннан кейін Грузияға кетуге мәжбүр болды. Ол жақтан тиісті хабар жеткен соң Мұстафа Шоқай өзіне 1919 жылы 18 наурызда Грузин үкіметінің осындағы өкілі Н.Я. Карцевадзеге куәлік жаздырып алады. Онда Түркістан құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі комитеттің төрағасы Мұстафа Шоқайға Грузия Республикасында ешқандай кедергі келтірілмеу сұралды. Осы құжатпен 1919 жылы наурызда Тифлиске (Тбилиси) жетеді.

1918 жылы 24 қарашада Мария Яковлевна Екатеринбургтен шығып, жалғыз өзі қаншама қиыншылықтарды көріп, бірақ жарының тұрақты жол сілтеуімен әртүрлі көліктермен жүріп отырып, 1919 жылы 1 мамыр күні аман есен Тифлиске келеді. Екеуі әуелі бірер апта «Ореан» қонақ үйінде, кейін Грузиядан кеткенше Грибоедов көшесі, 23 үйде тұрады. Мария Шоқай «Менің Мұстафам» атты естелігінде көшелерде алуан түрлі киінген адам көп болғанын, олардың біразы қашқындар екенін, Грузия өкіметі оларды қамқорлығына алғанын жазған болатын.

Бұл кезде Грузиядағы саяси-әлеуметтік ахуал тұрақты еді. Закавказье Федерациясының ыдырауы нәтижесінде 1918 жылғы 26 мамырда Кутаиси және Тифлис провинциялары, Батуми облысы мен бұрынғы Ресей империясының Сухуми округі кірген Грузияда тәуелсіз демократиялық республика орнаған-ды. Грузия үкіметінің басшысы Ной Жордания мен Ішкі істер министрі Ной Рамишвили Мұстафа Шоқайды қуанышпен қарсы алады. Осында 1917 жылы Мұстафа Шоқай Ташкентке жол жүрерде жолыққан, «автономия құрудан аулақ болыңыздар, ол Ресейден бөліну болады» деген Петроград жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Николай Чхеидзе тұратын. Тифлисте Солтүстік Кавказ азаттық қозғалысының жетекшілері, Версаль конференция Жоғарғы комиссарының резиденциясының болуы да қолайлы жағдай туғызады. Сонымен Түркістан ұлт-азаттық күресіне жаңа ашитындар табу жағынан Мұстафа Шоқай үшін Грузия сәтті қадам болды. Ол өзінің кейінірек жазған «Менің 1919 жылы Ресей империализміне қарсы күреске Украина, Түркістан және Кавказ күштерін біріктіруге тырысуым» атты мақаласында сол кездегі Грузиядағы саяси жағдайды қысқа да нұсқа жазып, өзін Тифлис өте жылы қабылдағанын, Грузия үкіметі сол кездегі жағдайды нақты түсініп, қолынан келгеннің бәріне көмектесуге уәде бергенін, осының өзі Тифлисте қалуына жеткілікті болғанын жазған еді.

Тағдыр тәлкегімен қонақжай грузин жеріне тап болған Мұстафа Шоқай Түркістан құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі комитеттің өкілі ретінде өзіне тапсырылған тарихи миссияны абыроймен орындап, Отанында қалғандардың сенімін ақтауға тырысты. Ол көп ұзамай өзінің саяси жұмысына кірісіп кетеді. 1919 жылдың 4 наурызында Швейцарияның Берн қаласында өтіп жатқан Халықаралық социалистердің конференциясы Секретариатына хат жолдайды. Онда Түркістан аумағындағы мәдени адамзатты масқаралайтын және интернационалдың араласуын мәжбүр ететін төтенше маңызды фактілерді мәлімдейді. 1920 жылдың сәуір айында өзінің орынбасары Вадим Чайкинмен баспасөз өкілдеріне арналған сұхбат ұйымдастырады. Ондағы негізгі мәселелер – Түркістанның жаңа қайраткерлерінің Кавказ баспасөзінде елдегі саяси жағдайды сөз етуі, советтік орталықтың жергілікті демократиямен келісімге келуін қарастыру, Түркістандағы ішкі және сыртқы ұлттық қарым-қатынастар мен экономикалық жағдай туралы болатын.

Мұстафа Шоқай Кеңес өкіметінің саясатына әлем жұртшылығының назарын аудару, түрік халықтарының азаттық күресінің әділеттілігіне, олардың бастан кешіп отырған зорлық-зомбылықтарын, большевиктердің ұлттық саясатының бетпердесін барлық күш-жігерімен ашып көрсету мақсатын жүзеге асыру үшін одақтастар іздестірді. Ол большевиктер режиміне қарсы күреске Түркістаннан басқа да елдерді жұмылдыру мәселесін алға қойды. Осы бағытта Украинаның өкілі Красковскиймен бірге ақпараттық бюро, орыс және батыс еуропа тілдерінде басылымдар ұйымдастыру жөнінде жоспар құрады. «Түркістан және Украина» бірлескен ұлттық орталығы құрылады. Грузиндер де қолдаған бұл идея кейін Кавказ ұлт-азаттық қозғалыстарын біріктіріп, «Вольный союз» («Еркін одақ») ұйымына айналады. Осы ұйым «Вольный союз» атты баспа да құрады. Алайда, ұйымның қызметі көпке созылған жоқ. Дегенмен, ол ұйым кейін Франциядағы «Прометей» ұйымының басы болғанына күмән жоқ.

Саяси жұмыстармен қатар Мұстафа Шоқай өзінің кәнігі қаламгерлік кәсібімен батыл айналысты. Бұрынғы Түркістан Мұқтариятының басшысы, қазіргі Түркістан құрылтай жиналысының мүшесі ретінде Мұстафа Шоқайдың айтары аз емес еді. Көзімен көргені де, құлағымен естігені де, қолымен атқарғаны да жетіп артылатын. Грузияның Орталық архивіндегі, Парламент кітапханасындағы материалдармен танысу Мұстафа Шоқайдың Грузияда тынымсыз тірлік еткенін көз алдыңа келтіреді. Он екі томдық шығармаларының толық жинағының екінші және он бірінші томдарына (бұрын енбей қалған еңбектері қатарында) 1919 жылдың 18 қарашасынан 1921 жылдың 9 наурызы аралығында жарық көрген 57 мақала енген. Іздестіру нәтижесінде «Вольный горец» газетінің 1920 жылғы 6 қыркүйектегі №52 санынан бірнеше қысқа материалдар таптық.

«Вольный союз» баспасының демеушілік жасауымен, Солтүстік Кавказдың көрнекті өкілі, Осетин-мұсылман, кавказ халықтарының тәуелсіздігі қозғалысының қайраткері Ахмет бей Цаликатидің (Цаликов) көмегімен Мұстафа Шоқай 1919 жылдың қараша айынан «На рубеже» журналын шығарады. Оның негізгі міндеттері – халықтардың еркін ұлттық өмірін қалыптастырудың және мемлекеттік тәуелсіздікті орнатудың теориялық және тәжірибелік жолдарын көрсету, ескі Ресейдегі халықтардың мүдделерін, экономикалық мұраттарын біріктіретін жаңа мемлекеттік құрылым идеяларын насихаттау болды. Біздер бұл журналдың 1919 жылдың №1 санын орталық архивтен, №3 және 1920 жылғы №6 сандарын Грузия Парламентінің кітапханасынан тауып, олардың электронды нұсқаларын алдық.

Тамаша публицистің Тифлисте ерекше белсенділікпен қатысқан қоғамдық-саяси және әдеби басылым «Вольный горец» болды. Мақаласының дені осы газетте басылған. Ол 1919 жылдың қыркүйегінде шығып, өзін Солтүстік Кавказдың таулы халықтарының революциялық демократиясының органы деп жариялап, 1920 жылдары жарық көрген. Бұл газетте басылған мақалаларды тақырып жағынан қарағанда бірден көзге айқын түсетіні алыстан атойлап тұратын автордың мәңгілік тақырыбы – Түркістан, оның кеңестік кезеңдегі тыныс-тіршілігі, халқының көріп отырған озбырлығы мен қиянаты. Бұл «Вольный борец» 1921 жылдың қаңтарынан «Независимый горец» деп аталады да, мұнда Мұстафа Шоқайдың төрт мақаласы шығып үлгерген. Сол жылдың 14 ақпанында жарық көрген «Қазіргі Түркістан шындығы» атты мақаласында өткенді баяндай және бүгінгіге жүгіне отырып, Мұстафа Шоқай тағы да Түркістанның нағыз бақытсыз ел екенін дәлелдеген.

1921 жылдың 16 ақпанында Кеңес әскерлері Грузияны тізе бүктіреді. Грузия Демократиялық Республикасы құлайды да, бұрынғы «Вольный горец» газетінің орнына шыққан «Независимый горец» те жабылады. Осыдан кейін іле-шала Мұстафа Шоқай Батумиге ауысып, «Батумская жизнь» газетінде басылған «Грузияның тәуелсіздігі үшін және мұсылмандар» атты мақаласында «Грузияның қасіреті – бүкіл алдыңғы Азия халықтарының қасіреті, өйткені еркін, тәуелсіз Грузия – ұлттық өзін-өзі растау үшін күрескендердің барлығының тірі символы» деп жазды.

Мұстафа Шоқай Грузия қайраткерлерімен байланысын Францияға барғаннан соң да жалғастырған. Оған Поликарп Мдивани, Никифор Имнаишвили, Акакий Чхенкели, Ной Рамишвили сияқты саяси қайраткерлермен алмасқан хаттары дәлел бола алады. Ал, ұлы тұлғаның Грузия халқына, оның эмиграциядағы қайраткерлеріне деген таза сезімі Парижде Ной Рамишвилидің (1930) өлтірілуіне байланысты «Прометей» журналында «Рамишвилиді жерлеу» деген атпен жарияланған сөзінен айқын байқалады. Грузин қайраткерлері де Мұстафа Шоқайға қарыз болып қалмаған. Еуропадағы Грузия Демократиялық Республикасының елшісі Акакий Чхенкели Мұстафа Шоқай қайтыс болғаннан кейін оның еңбегіне мынандай баға беріп еді: «Мұстафаның қызметі Парижде, Лондонда, Женевада және басқа Батыстың орталықтарында соншалықты есептеуге келмейтін сан салалы және жемісті болды».

Өткен жылдың аяғында арнайы іс сапармен Тбилисиде болған Мұстафа Шоқайдың жерлестері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бір топ ұстаз ғалымдарының Грузиядағы негізгі жұмыстары да, елмен танысуы да нәтижелі болды. Бізге көмектескендер аз болған жоқ. Біз бұрыннан хабарласып, шығармашылық байланыс жасап жүрген Тбилиси аймақтық зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Лела Саралидземен, Тбилиси мемлекеттік университетінің Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Натия Жалабадземен кездестік. Олар да бізге қажетті көмектерін көрсетті.

Бізді Мұстафа мен Мария Шоқайлар тұрған Грибоедов көшесіндегі үй қызықтырды. Мария Яковлевна өзінің «Менің Мұстафам» атты естелігінің 277-бетінде былай деп жазған болатын: «Бағымызға орай Тбилисидің буржуалар тұратын ауданынан шыны террасалы екі бөлме табыла қалды. Бұл тұрған жерден Эльбурс таулары көрінетін». Үй иелері Балтық жағалауының немісі, бұрын мемлекеттік басқару органдарында қызмет еткен Людвиг Першке деген кісі төңкерістен кейін қызметінен айырылып, 10 бөлмелі пәтерінің 4 бөлмесін жалға берген екен. Осының 2 бөлмесінде Шоқайлар тұрған. Осы үйге бізді М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген философ, Сухум университетінің профессоры Вадри алып барды. Елгезек кісі бізге көп жайды мәлім етті. Ол университетке шақырып, ректормен таныстырып, жаңадан ашылған Абай аудиториясын көрсетті. Мұстафа Шоқайды да жақсы білетін, оны ерекше бағалайтын Вадри мырза осында ұлы тұлғаға арнап бұрыш ашқысы келетінін айтты. Бұл кісілермен кейін де хабарласып тұруға келістік. Хабарласып тұрмыз.

Сыр бойынан шығып, әлемдік деңгейге көтерілген ардақты тұлғаға екі жылдай құтты мекен болған Грузия еліне шын жүректен шыққан ризашылығымызды білдіріп, тәуелсіздік туын бекем ұстап отырған халқына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Реті келіп Шоқайлар тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылса, осыдан бір ғасыр бұрынғы тарихи деректің көрінісі болар еді.

Мұстафа Шоқай екі жылға жуық тұрған Грузиядан алған әсеріміз аз емес. Ең бастысы, саяси сергек халықты таныдық. Бұл адам қызығарлық жай ғой. Грузия Демократиялық Республикасы сонау 1918-1921 жылдары аз уақытта біраз тірлік бітірген көрінеді. Жаңа мемлекет үшін аса маңызды Парламент және мемлекеттік тіл туралы арнайы заңдар қабылдаған. Білетіндер грузин тілі туралы қабылдаған қазіргі заңды посткеңестік кеңістіктегі ең үздік заң деп бағалайды.

Мұстафа Шоқайдың Грузияда бедерлі із қалдырған қайсар қажырлығы, тынымсыз тірлігі, замандастарымен тіл табыса білуі, ерекше публицистикалық қабілеті алдағы бүкіл эмиграциялық өмірінің беташарындай болып қана қойған жоқ, болашақ әлемге танылудың хабаршысындай әсер етті.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылым докторы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің профессоры,
Мұстафа Шоқай ҒО ғылыми жетекшісі

ФОТО SYRBOYI.KZ

■ Мұстафа Шоқай және грузин қайраткерлері

ФРАНЦИЯ ҚАЗАҒЫ ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАУЫМДАСТЫҚ ӨКІЛДІГІНДЕ БОЛДЫ

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Түркиядағы өкілдігінің жетекшісі – өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйіс Ыстамбұлдағы кеңсесінде Түркия және Франция азаматы, Мұстафа Шоқай атындағы Француз-Қазақ достық қоғамының төрағасы, қазақ бауырымыз Яшар Динч мырзаны қабылдады. Еуропада тұратын Яшар бей Түркияда өткен қазақтардың Түркияға келгеніне – 70 жыл толуы шарасына қатынасуға келген болатын.

Яшар Динчтің аталары Қазақстанның Шығыс өңірлерінде туып-өскен. Кеңестік коммунистердің солақай саясатына қарсылық білдіріп, тағдыр тауқыметімен олар Қытай еліне бет түзейді. Ол жақта да қуғанға ұшыраған. Содан ұзақ жолда Гималай тауынан асып, Үндістан, Пәкістан елдерін паналайды. Бірінші көшті Оспан батыр, Елісқан батыр, Зайып Тәйжи, т.б. 1939-50 жылдарға дейін бастаса, екінші көшті Сұлтан Шәріп, Қалыбек, Нұрқожай батыр, Хусейін Тәйжи, Дәлелхан Жаңалтай 1950-52 жылдарда жалғастырды. Осы көшпен Яшардің әкесі Түркияға келген болатын. Қазақтардың сол тұстағы Түркия үкіметіне, премьер-министр Аднан Мендереске алғысы шексіз.

Яшар Динч 1949 жылы Пәкістанда өмірге келген. Үш жасында Түркияға, нақтырақ айтқанда, Ниде облысының Алтай ауылына ата-анасымен қоныстанды. Соңғы көшпен 164 қазақ отбасы келді. Түркияда орта мектепті бітірген соң, бір топ қазақ жастары Еуропаға, Францияға жол тартты. 1972 жылы Парижде тоқыма өндірісінде жұмысқа тұрады.

Қазір Еуропадағы қазақтар дегеніміз, осы Яшар мырзаның замандастары. «Екі-үш жыл жұмыс істейміз», – деген қандастар 50 жылдан бері Париж қаласында өмір сүріп келеді.

Яшар Динч 2006 жылы қазақтың ұлт жанашыры Мұстафа Шоқай атындағы Француз-Қазақ достық қоғамын құрды. Қоғамның құрметті мүшесі, Ыстамбұлдағы Мимар Синан университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әбдуақап Қарамен бірге Париж маңындағы Ножан-сур-Марн қаласының мәрі Жак Мартеннің рұқсатымен жер алып, саябақ жасап, Мұстафа Шоқай бюстінің ашылу рәсімін өткізді. Салтанатты шараға сол кездегі Мәдениет министрі, бүгінгі сенатор Мұхтар Құл-Мұхаммед, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, бүгінгі сенатор Мұрат Бақтиярұлы, М. Шоқай халықаралық қорының төрағасы Базарбай Атабаев, тең төрағасы Тұрғанбай Маханов, ғалым Әбдіжәлел Бәкір, ескерткіш авторы Аман Кенебаев қатысты.

Сол қалашықта Мұстафа Шоқай мұражайы да ашылды. Бұл істің басы-қасында жүрген Яшар мырзаның еңбегі орасан зор. Мұражайдың ашылуында профессор Әбдуақап Қара Мұстафа Шоқай жайында қазақ, түрік, француз тілдерінде баяндама жасады. Ножан-сур-Марн қаласының мәрі Жак Мартен елінің азаттығы жолында ерекше еңбек еткен қайраткердің үлкен істеріне жоғары баға берді, Яшар мырзаға алғысын білдірді.

Осы шараға Қазақстаннан, Түркиядан көп қонақ келді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының және «Отандастар» қорының басшылары Зауытбек Тұрысбеков пен Абзал Сапарбекұлы да мұражайда болды. Ұлы тұлғаның ескерткішіне тағзым етті.

Яшар мырза Франциядағы осы мұражайда, саябақта, ескерткіштің ашылу рәсімінде түсірілген суреттерді жинақтап шығарған фотоальбомын Ыстамбұлдың қауымдастық өкілдігіне тапсырды.

«Ендігі мақсатым – Париждегі қазақ балаларының 15-17 жас аралығында бір тобын Қазақстанға, Мұстафа Шоқайдың ауылына алып барып, баба рухына тәу ету. Оларға қайраткердің қасиетті Сыр бойында жүріп өткен жолдарын, Қызылорда қаласының қақ ортасында тұрған алып ескерткішін, Шиелінің орталық алаңындағы, Сұлутөбедегі клуб үйінің алдындағы ескерткішін, М.Шоқай атындағы мектептің алдындағы бюстін көрсету. Бұл алып жүректі азаматқа деген құрмет болар еді. Түптеп келгенде, бұл біздің парызымыз, Еуропадағы ұрпақты атажұртымен таныстыру», – деді Яшар Динч.

Өкілдік жетекшісі, қоғам қайраткері Ержан Уәйіс Мұстафа Шоқайдың шырақшысы, нағыз қызметшісі Яшар мырзаға дәстүрлі қазақ шапанын кигізді.

**Түркиядағы
қауымдастық өкілдігі**

ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ МАРАТ АХМЕТЖАНОВ ЕКІ АПТАДА ҚАЗАҚСТАНҒА 200 МЫҢНАН АСТАМ РЕСЕЙЛІК КЕЛІП, СОНЫҢ 147 МЫҢЫ ЕЛДЕН ШЫҒЫП КЕТКЕНІН ХАБАРЛАДЫ

Әлем әдебиетінің алыбы, көркем ойдың кемеңгері Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің жаңа көкжиегін, келешек межесін айқындар асыл өлшем ғана емес, сонымен бірге бүгінгі қазақ ғылымның әлемдік мәдениет кеңістігінде алар орнын белгілер темірқазығы болмаққа керек.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ДАРАЛЫҒЫ

■ Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов – егіз ұғым. Мұхтар Омарханұлы Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын әлемге танытса, сол арқылы әлем де ғұлама ғалымды, теңдессіз жазушыны таныды...

Мұхтар Әуезовтің жазушылық, зерттеушілік және жалпы қаламгерлік қызметін қарастырғанда алдымен, әрине, қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы аузымызға оралады.

Абай мен Мұхтар Әуезов шындығында да егіз ұғым. М. Әуезов Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын әлемге танытса, сол арқылы әлем де ғұлама ғалымды, теңдессіз жазушыны таныды.

Зерттеуші ғалымның басты зерттеу нысанасы – Абай болса, Абайдың негізгі зерттеушісі – Мұхтар Әуезов. Замана көші қанша алыстаса да, бұл рухани байланыс желісі еш үзілмек емес, керісінше уақыт алшақтығы алыстай бергенімен, ұлылар арасындағы алтын көпірдің құндылығы арта бермек.

Ғалымның 50 томдық шығармаларының толық жинағындағы өзге де еңбектерін қарай отырып, ғұламаның тереңдігіне, жан-жақтылығына қайран қаласың! Бұл ретте Көкбай ақынның Абайға тамсанатындай: «Келбеті біліміне лайықты, апырым-ай, мұндай адам қалай туған», – деп таң қаласың!

Мұхтар Әуезовтің өзге зерттеулерін былай қойғанда, тек Абай тақырыбының өзі оның даралығын айқындап береді.

Осы ретте қысқаша ғана санамалап көрсетсек:

1. Абайдың толық өмірбаянын жазуы;
2. Ақынның рухани нәр алған қайнар бұлақтарының ерекшеліктерін ашуы;
3. Әдеби мұрасын жан-жақты зерттеуі;
4. Шығармалар жинағын жарыққа шығаруы;
5. Абайдың ақындық мектебін, дәстүрін зерттеп, ақын шәкірттерінің мұрасын ғылыми айналымға енгізуі;
6. Абайтану арнайы курсын оқытуы, Абайтану бағдарламасын жасауы;
7. Абайға арналған драмалық шығармалар жазуы;
8. «Қазақ өмірінің энциклопедиясы» мен «Абай жолының» жазылып, жарық көруі;
9. «Абай» журналының өмірге келуі;
10. Қазақстандағы алғашқы әдеби музей – «Абай музейінің» ашылуы мен қалыптасуына қосқан үлесі...

Осындай Ұлы ақынға қатысты қаншама бағыттарды айта беруге болады. Бұл бағыттардың әрқайсысына жеке-жеке мән бере қарасақ, әр сала бойынша телегей теңіз зерттеулер жасалғанын байқаймыз. Бүгінгі күні абайтану ғылымы көкжиегі соншама кеңейді десек те, әр бағыттың басты темірқазығы да, негізгі дереккөзі де Мұхтар Әуезов сөзі болып қала бермек.

Енді осы бағыттардың кейбіріне ғана тоқталып, ұсыныстарымды білдірсем.

Біріншіден, Мұхтар Әуезовтің 33, 40, 45 және 1950 жылдары жазған Абай өмірбаянының төрт нұсқасы бүгінгі абайтанушылар басшылыққа алар құнды еңбектер. Ғалымның өзі: «Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ», – дейді. Иә, Мұхтар Әуезовтен кейін ақынның өмірбаянына қатысты түрлі деректер мен архив құжаттары табылуда. Бірақ, Абайдың шығармашылық өмірбаяны әлі қайта толыққанды түрде Әуезовтей жазылған жоқ. Осыны ескеруіміз қажет!

Екіншіден, Абай шығармаларының текстологиясына қатысты айтсақ, алғашқы абайтану баспалдақтарынан бері ақын шығармаларының текстологиясымен айналысып келе жатсақ та, бұл сала әлі де өзекті болып қала бермек. Қазіргі таңда Абай шығармаларын кез келген баспа, жеке адам да шығара алатын болғандықтан, ол жинақтарда түрлі текстологиялық ауытқулар, орфографиялық қателер ғана емес, жекелеген құрастырушының өз ұстанымы бойынша басқа шығармалардың еніп кетіп жатқанын байқап қаламыз. Бұл мәселе жайында Мұхтар Әуезов («Абай жайын зерттеушілерге») Ұлы ақынның туғанына 95 жыл толуына орай жазылған мақаласында былай дейді: «Біз осы күні Абай жайын зерттеуді тараң түсініп жүрміз. Әр жинаушы не қылса, ең әуелі Абай айтыпты-мыс, бірақ жазылмай, басылмай қалыпты-мыс деген өлең табуға құмар-ақ. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық. Жауаптырақ қарайық».

Сол себептен де Мұхтар Әуезов бастаған белгілі абайтанушы ғалымдар бірлесіп шығарған және кейінгі жылдары жарық көрген академиялық жинақтарды негізге алуымыз керек.

Үшінші мәселе, қазіргі таңда Абайға қатысты тың әңгімелер мен дәлелсіз «былай болыпты-мыс» дегендер көптеп шығып жатқандықтан, осындай кейбір дүниелерге сақ қарауларыңызды сұраймын. Әрине, ғылым дамуы барысында жаңа нәтижелердің шығатыны анық, бірақ нақты деректі айғағы, не дәлелі жоқ әңгімелерге еш сенудің және оны халыққа жеткізудің қажеттілігі шамалы. Басшылыққа Абай туралы табылған архив құжаттарын, нақты тарихи деректерді, сонымен қатар замандастары мен ұрпақтарының естеліктерін және Мұхтар Әуезов жазғандарын алуымыз керек.

Төртіншіден, Мұхтар Әуезовтің жазғандарына еш ғылыми негізсіз ойша түзету жасаудан аулақ болуымыз қажет. Мұхтар Әуезовтің айтып тұрғаны ол емес, басқа деп ойша жорамалдауға болмас.

Бесіншіден, Мұхтар Әуезовтің абайтанудағы көптеген жайларға аса мән бере қарау керектігімізді сол заманның өзінде тұспалдап айтып кеткен ұлылығын аңғарып, дөп баса білуіміз қажет. «Абай жолында» Құнанбай жөнінде кеңестік саясаттың әсерінен толық айта алмады, Құнанбай толық жағымсыз бейне ретінде суреттелді десек те, роман-эпопеяны оқи отырып, Әуезов шеберлігіне таңданасың!

Мысалы: «Құнанбайды бар тобықтының атқа мінері «Мырза» деп атайды» дейді. Роман бойынша да Байсал, Бөжей, не басқа емес Құнанбай екен қадірлі, сыйлы.

«Қаратай жүйрік қой, жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ, өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірімде ұсталған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық – кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар. Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жіті толған ба?»

Осындай көптеген роман үзінділерінен озбыр Құнанбайды емес, өз бағасын білетін, ісіне табанды, тұрақты, өз жолын дұрыс дегенмен, оған да күмәнмен қарайтын ақылды, ойлы пендені көреміз.

Енді зерттеуіне қарасақ, кеңестік дәуірдің өзінде Абайға орыс демократ достарының ықпал әсері жайында нақты айтып кеткен. Ғалым былай дейді: «Сол Михаэлис осы келгеннен бастап Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов еткен әсердің бәрін – Абай өз бетімен, орыс классиктерін оқудан, зерттеуден соң табады. Сондықтан Михаэлис, Долгополовтардың Абайға көмегін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының мұрасына және даналарына қиянат сөз айтқан болар едік».

Міне, осы уақытқа дейін «Абайдың дүние көзін ашқан адамы – Михаэлис» деп келген пікірімізге мән бере қарауымыз керектігін осыдан 72 жыл бұрын айтып кеткен Мұхтар Әуезов сөзінің құндылығы еш уақытта маңызын жоймақ емес.

Осындай эпизодтар мен детальдарға мән бере қарасақ, Әуезовтің аз сөзбен көптеген дүниелерді астарлап жеткізе білген шеберлігін байқаймыз.

Сонымен қатар, Абайдың өзіне дейінгі әдебиет өкілдерінен рухани бір арна ретінде ғана алғашқы үлгі-өнеге алғандығын жоққа шығармай, Мұхтар Әуезов айтқан рухани нәр алған үш қайнар бұлағы туралы пікірін төмендетпей, жекелеген ақындарды Хакімге бірден-бір Ұстаз ретінде бағалаудан аулақ болуымыз керек.

Қорыта айтқанда, Абайға қатысты жазылар барлық еңбектерде қай уақытта болмасын басшылыққа Мұхтар Әуезовтің зерттеулерін негізге алуымыз қажет.

Жандос ӘУБӘКІР,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу
институтының директоры, ф.ғ.к., доцент

TOWN HALL ФОРМАТЫНДА СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Кеше, 3 қазанда Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Дархан Біләлов Town Hall форматында белсенді студенттермен кездесті. Кездесуге академиялық мәселелер жөніндегі проректор Мақтағали Бектемесов, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шыңғыс Нұрланов, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Хайрулла Жанбеков қатысты. Кездесудің модераторы Жастар ісі жөніндегі басқарманың төрағасы Райымбек Пірәлі болды.

Кездесу барысында университет басшылығы жоғары оқу орнының Академиялық саясатын түсіндіріп, оқу үдерісі мен университеттің инфрақұрылымы мен әлеуметтік тәрбие қызметінде, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету, оларды әлеуметтік қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен бөлісті.

Дархан Біләлов кездесудің маңыздылығын атап өтіп, студенттерді белсенділік танытып, өзекті мәселелерді талқылауға шақырды.

«Мұндай кездесулер біз үшін өте маңызды. Town Hall – университетіміздің мәселелерін талқылауға және жедел шешімдер қабылдауға тамаша мүмкіндік. Сондықтан нақты шешімдер әзірлеу үшін белсенділік танытып, барлық сұрақтарыңызды қоюға шақырамын», – деді.

Студенттердің сұрақтарына жауап бере отырып, ректор ғылым мен шығармашылықпен айналысқысы келетін студенттерге әрқашан қолдау көрсететінін атап өтті.

«Сіздер еліміздің болашағы үшін ғылым мен білім беруді дамытуда үлкен рөл атқарасыздар. Сондықтан біліміңізді жетілдіріп, қосымша дағдыларға ие болғыңыз келсе, біз сізге әрқашан қолдау көрсетуге дайынбыз. Бәсекеге қабілетті маман болғандарыңызды қалаймыз», – деп пікір білдірді университет басшысы.

Шыңғыс Нұрланов студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету және мұқтаж студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтіп, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі үнемі назарда болатынын мәлімдеді.

Кездесуге қатысушылардың барлығы ректорға сұрақтарын ашық қойып, жан-жақты жауап алуға мүмкіндік алды.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Педагог мамандарының мәртебесін көтеру, олардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесі – Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында айтылған, тікелей министрліктің басты назарында тұрған жоспарлардың бірі. Осыған орай біліктілікті арттыру орталықтарының да жұмысы жанданып келеді.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне қарасты Біліктілікті арттыру институты жаңа оқу жылы басталысымен, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушылар құрамына «Педагогикалық үдерістің әдістемесі және әдістемелік қамтамасыз етілуі» атты біліктілікті арттыру курсын өткізді.

Курстың мақсаты – біртұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудың басым стратегиялары мен оқуәдістемелік кешендерін дұрыс жоспарлау негізінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

10 күнге созылған 72 сағаттық оқыту курсына өнер академиясының 50-ге жуық ұстаздар құрамы қатысып, университеттің жалпы және әлеуметтік педагогика кафедрасының доценттері, педагогика ғылымдарының докторлары Күлзада Құдайбергенова мен Күлпаш Сариеваның дәрістерін тыңдады.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде ұстаздар өзін-өзі дамыту, біліктілігі мен дағдыларын арттыру, әдістемелік көзқарасын кеңейту және тереңдету қабілеттерін игерді.

Курсты аяқтағаны туралы арнайы сертификатты Біліктілікті арттыру институтының директоры Камеш Хамзина курс қатысушыларына өз қолымен табыстады.

Білім алушы топ университет ұжымы мен басшылығына, педагогикалық білімімен бөліскен оқытушы ұстаздарға ризашылықтарын білдіріп, алғыс айтты.

Алдағы уақытта екі тарап та әріптестік қарым-қатынаста бірлесіп жұмыс істемек.

2023 ЖЫЛЫ РАМАЗАН АЙЫ 23 НАУРЫЗДА БАСТАЛАДЫ, СӘУІРДІҢ 18-ІНЕ ҚАРАҒАН ТҮНІ – ҚАДІР ТҮНІ, 21 СӘУІРДЕ – ОРАЗА АЙТ, 28 МАУСЫМ – ҚҰРБАН АЙТТЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

WEEKEND

WWW.QAZAQ1913.COM

НАРЕНДРА МОДИ АТЫНДАҒЫ СТАДИОН

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН СТАДИОНДАР

Нарендра Моди атындағы стадион – әлемдегі ең үлкен стадион. Үндістанның батысындағы Гуджарат штатына қарасты Ахмедабад қаласындағы стадионның сыйымдылығы 132 мың адамды құрайды. Крикет спортына арналған стадион 2020 жылы ашылып, Үндістанның қазіргі премьер–министрінің есімін алды. Бұрын бұл стадионның орнында 49 мың орындық «Мотера» стадионы болды. 1983 жылы негізі қаланған стадион 2015 жылы сүріліп, осы алып стадион салынды.

ТОП–05: ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН СТАДИОНДАР

№	Атауы	Орын саны
01	Нарендра Моди атындағы стадион / **Үндістан**	132 000
02	Бірінші мамыр атындағы стадион / **Солтүстік Корея**	114 000
03	Мичиган стадионы (Michigan Stadium) / **АҚШ**	107 600
04	Бивер стадионы (Beaver Stadium) / **АҚШ**	106 572
05	Огайо стадионы (Ohio Stadium) / **АҚШ**	102 780

Дереккөз ▮ **Wikipedia**
Инфографика ▮ **Айнұр Қайратбекқызы**

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

МЕНШІК ИЕСІ **«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ**

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ**
БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**
БАС РЕДАКТОР **ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СИВИ МАХМУДИ**
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККЫЗЫ**
ШОЛУШЫЛАР **ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, ҚЫЗЖІБЕК ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ, МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ, АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ**
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН** – НҰР-СҰЛТАН, **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ, ХҰСАЙЫН ҰӘЛИЕВ, ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА, САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ, ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАН**

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
A05A1D6, **Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 309 кеңсе** (редакция)
A25H9M7, **Береговая көшесі, 12 үй** (бас кеңсе)

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) **505 48 48**
kazakh_2006@mail.ru

ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР
Халықаралық Алматы әуежайы — Б. Майлин к-сі, №02
Алматы метрополитенінің тоғыз бекеті — «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
«Алматы-1» теміржол бекеті, «Алматы-2» теміржол бекеті — Станционная к-сі, № 01; Абылай хан даң., № 01
«Сайран» автобекеті — Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР
«Караван», «Kok tengri» (Алматы) **дүңгіршектері**

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР
«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ 21 000 ДАНА **ТАПСЫРЫС № 1364 / 162**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») **және «Өмір-Нұр»** (Талғар, Қонаев к-сі, 18) **баспаханаларында басылды**

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді;
Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды;
Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді;
2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты;
Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады;
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді;
Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады

(А) жариялану ақысы төленген мақалалар

ФУТБОЛШЫ қалай әкім болды?

Каха (Кахабер) Каладзе – Грузия футболының және итальяндық «Милан» футбол командасының нышанына айналған атақты футболшы. Спорттық өмірбаянында бұл футболшының жеңісті күндері көп болды. 44 жастағы Каха Карлович көптеген медаль мен атақтардың иегері. Сондықтан оның жеке өмірі, спорт пен саясаттағы жолы өте қызықты. Өмірбаяны бағындырған биіктігімен жарқырап тұрған кешегі футболшы, бүгінгі әкім туралы «Qazaq» газеті бүгін сөз қозғайды.

■ Каха Каладзе мен Ануки Арешидзе – төрт перзенттің ата-анасы

■ Атақты футболшы саясатқа 2012 жылы келді. Қазір Тбилиси қаласының әкімі

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

■ ҮЛКЕН ФУТБОЛДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Каха Каладзе 1978 жылдың 27 ақпанында Грузияның Самтредиа қаласында дүниеге келді. Балалық шағынан бастап футболмен әуестене бастаған. Бірақ, ол үшін футбол бастапқыда тек қана хобби болды. Ол шабуылшы болып өзінің туған қаласындағы жасөспірімдер құрамасында ойнап, сол командамен бірге түрлі аудандық, республикалық жарыстарға қатысып жүрді. Осылайша, Каха Каладзе атақты кеңестік жаттықтырушы Давид Кипианидің көзіне түседі. Тіс қаққан бапкер дарынды жігітке «Динамо» Тбилиси жастар құрама командасында өнер көрсетуге ұсыныс тастайды. Ал, ол ойланбастан бұл ұсынысты қабыл алады.

Аталған команданың құрамында жүріп Каха Каладзе кәсіби футболшы ретінде шыңдала бастайды. Түрлі командаларда ол түрлі позицияларда ойнайды. Орталық шабуылшы, шабуылшы, жартылай қорғаушы болып, соңында өзінің нақты орнын шабуылшы ретінде және орталық қорғаушы ретінде табады. Он алты жасында осы позицияда алғаш рет Тбилисидің «Динамо» құрамасында өнер көрсетеді. Жастығына қарамастан Каха Каладзе алғашқы ойыннан-ақ өзін жарқын да талантты қорғаушы ретінде көрсете білді. Ол шабуылшылардың шабуылын аса ептілікпен қайтара білген. Қажеттілігіне қарай серіктестерін қорғап, футбол алаңында басты әрекет етуші тұлға ретінде қалыптасады. 1994 жылы ол Тбилисидің «Динамо» құрамасының мықты ойыншысына айналады.

■ ӘЙГІЛІ «МИЛАННЫҢ» ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Бұл жерде баса айта кететін жайт, ол кезде КСРО құрамында болған елдердегі футболдың деңгейі төмен еді. Сондықтан жас футболшының мансаптық сатымен көтерілуі қиынға соқпады. Грузия чемпионатында төрт маусым (1994-1997 жылдар аралығында) өнер көрсетті. Бұл уақытта жас футболшы төрт мәрте Грузия кубогын жеңіп алып, өз елінің чемпионы атанды. Қалай болған күнде де бұл жеңістердің өзі жас вундеркиндті Грузияның әлсіз чемпионатында ұстап қала алмады.

Тбилиси «Динамосының» құрамында 82 ресми кездесу өткізгеннен кейін Каха Каладзе бұл ұжыммен қоштасып, Киевтің «Динамосына» (Украина) ауысты. Ойыншының ауысуын Валерий Лобоновскийдің өзі талап етсе керек. Жоғары деңгейдегі ойыншылар қатарына түскен соң ол біраз уақыт астаналық клубқа ауыстырылған. Бірақ, уақыт өте келе Каха Каладзе өз күшіне сенімділігін қайтарып, мүлде басқа нәтиже көрсете бастады. Жарты жылдан кейін киевтіктердің ойын стилін қалыптастырушы ойыншылардың біріне айналды. Жалпы, сол тұста Валерий Лобоновскийдің ұжымы алаңдағы ерекше мықты қорғаныстарымен ерекшеленетін еді.

Киевтің «Динамосында» өнер көрсеткен төрт маусымда ол үш мәрте Украина чемпионатын, сонымен қатар, үш мәрте Ұлттық кубокты жеңіп алды. Одан бөлек, 1999 жылы дарынды грузин футболшысы өз командасымен УЕФА Чемпиондар лигасының жартылай финалына дейін жетті. Бұл грузиялық футболшы үшін ақылға қонбайтын көрсеткіш болатын-ды.

Каха Каладзенің ойыны итальяндық «Милан» клубының назарын аударады. 2000 жылы футболшы итальяндық клубқа ауысуын рәсімдейді. Ойыншыны сатып алуға итальяндық «Милан» клубы 16 миллион еуро жұмсаған екен. Бұл Грузия футболының тарихында әлі де рекордтық көрсеткіштегі сома болып саналады. Нәтижесінде ол жұмсалған қаржыны артығымен ақтап шықты. Көптеген ойындарда құрыштай берік ойыншылардың бірі болды. Уақыт өте келе «Милан» клубының символына айналды. Ол итальяндық «А» сериясын (2004) жеңіп алған. Және де екі мәрте (2002/2003, 2006/2007) Чемпиондар Лигасының жеңімпазы болған. Бұл тек қана Грузия үшін емес, сонымен қатар, бұрынғы КСРО үшін де рекордтық көрсеткіш. Ол өзінің футболдағы мансабын 2012 жылы итальяндық «Дженоа» құрамасында аяқтады. Бұл құрама командада ол екі маусым ойнады.

■ СПОРТТАН САЯСАТҚА ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

Футболмен 33 жасында қоштасқан Каха Каладзенің далада қалмайтыны белгілі еді. Ол өзін қызықтыратын ұсыныстарды қарастыра бастайды. Біраз уақыт оның «Милан» бапкерлер штабында немесе Грузия құрамасындағы бапкер ретіндегі бой көрсетуі талқыланып жүрді. Алайда, Каха Каладзе спорттан біржолата кетіп, өзін саясат сахнасында байқап көрмек болады. Мұндай шешім қабылдауына болған себептердің бірі кіші бауырының ланкестердің қолына түсіп, қаза болуы деген болжам бар.

Өзінің саяси мансабын «Грузин арманы» атты сол кездегі оппозициялық партияда бастаған. Партиялық бірлестіктің лидері Бидзина Иванишвили премьер-министр болып сайланғаннан кейін бұрынғы футболшы Грузияның Энергетика министрі және вице-премьер болып тағайындалды.

2017 жылы 13 қазанда өткен Тбилиси мэрінің (әкім) сайлауында сайлаушылардың 50 пайыздан артық дауысын алған Каха Каладзе бірінші кезеңде-ақ жеңіске жетіп, Грузия астанасының мэрі болды. Былтырғы сайлауда сайлаушылардың 55,6 пайыз дауысына ие болып, екінші мерзімге қайта сайланды.

■ СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ...

2001 жылы Каха Каладзенің студент інісі Леванды әлдекімдер ұрлап алып кетіп, оны бостандыққа жіберу үшін 600 мың доллар талап етеді. Сол тұстағы Грузия президенті Эдуард Шеварднадзе: «Оны (інісін айтады, – ред.) табу үшін барымызды саламыз», – деп мәлімдейді. Алайда, төрт жылдан кейін ғана Леванның тағдыры белгілі болады. Айталық, 2005 жылы 6 мамырда грузин полицейлері сегіз адамның мәйітін табады. Жұмбақ жағдайда бақилық болған сегіз адамның бірі сол Леван екені сараптамалық тексеру кезінде расталды. Бұл қанды оқиғадан кейін Украина азаматтығын алып, елден кетуді ойлаған Каха Каладзе: «Ұлттық құрамадан кеткім келгені рас. Жанкүйерлер мен грузин халқы қиын сәтте отбасымызбен бірге қайғырды, бізден көмектерін, қолдауларын аямады. Сондықтан бұл шешім менің тарапымнан сатқындық болар еді», – деп райынан қайтқанын айтты.

Каха Каладзе грузиялық атақты дизайнерлердің бірі Ануки Арешидзеге үйленген. Жұлдызды жұптың төрт перзенті бар.

Айта кетейік, 2009 жылы 14 шілдеде Каха мен Анукидің тұңғышы жарық дүниеге келді. Інісінің құрметіне орай сәбиге Леван есімін берді.

Футболшы бола жүріп бизнеспен айналысқан Каха Каладзенің «Kala Capital» инвестициялық компаниясы, Киевте «Buddha Bar» (Украина), Миланда «Джаннино» (Италия) мейрамханалары бар. Сондай-ақ, «Кең болсаң – кем болмайсың» ұстанымымен өмір сүретін оның «Kala Foundation» қайырымдылық қоры жығылғанға сүйеу, жылағанға демеу болып жүр.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Каха Каладзе 2017 жылы тізгінін ұстаған Тбилиси – 1,2 млн халқы бар Грузияның астанасы әрі ең ірі қаласы (бұл елде барлығы 3,7 млн халық тұрады). Грузияда біздің елдегідей әкімді президент тағайындамайды, тек халықтың өзі таңдайды (сайлайды). Демек, Каха Каладзені тбилисиліктер екі рет таңдаса, бұл қызметке оның лайық болғаны. Ал, спортта, бизнесте, саясатта биік белестерді бағындырған Каха Каладзенің әкім ретіндегі мансабы қалай жалғасатынын уақыт көрсетеді.

МАҚАЛАНЫҢ ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫН ГАЗЕТІМІЗДІҢ WWW.QAZAQ1913.COM САЙТЫНАН ОҚЫҢЫЗДАР!

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСЫ ЖҮЗДЕН АСҚАН ҚАНША ҚАРИЯ БАР?

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда жасы жүзде және жүзден асқан 487 қария бар. Олардың басым бөлігі оңтүстік өңірде тұрады. Мысалы, Түркістан облысында жүз жылдық белеске шыққан 75 қария бар. Алматы қаласында 62 қария бар болса, Алматы облысындағы бұл санаттағы қарттар саны – 55.

Қазақстандағы ең қарт адам Түркістан облысында тұрады. Қария – 121 жаста. Шымкент қаласында 120 жастағы, ал Жамбыл облысында 119 жастағы қария бар.

«Елімізде барлығы 100-ден асқан 31 адам тұрады» делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарламасында.